



АҚОРДА

ӨЗАРА ДОСТЫҚ – ӨҢІРЛІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы
Өзбекстан Олий Мәжілісі
Сенатының төрағасы
Танзила Нарбаеваны
қабылдады.

Кездесу барысында қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастық қатынастарының өзекті мәселелері парламентаралық байланыстарды дамыту тұрғысынан талқыланды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Танзила Нарбаеваға ілтипат білдіріп, оның Астанаға сапары Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы стратегиялық ынтымақтастықтың айрықша сипатта өрбіп келе жатқанын растайтынын атап өтті.

Мемлекет басшысы қос халық арасындағы достық, тату көршілік байланыстарды нығайтуға Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенаты төрағасының қосқан үлесін жоғары бағалады.



— Сіздің сапарыңыз елдеріміздің арасындағы достық қатынастарды нығайту тұрғысынан өте маңызды. Біз бауырлас Өзбек елімен ынтымақтастығымызды дамытуға ерекше мән береміз. Мұны Орталық Азия өңіріндегі тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтауда өте маңызды фактор деп санаймыз. Екі елдің ықпалдастығы неғұрлым тығыз әрі табысты өрбіген сайын, жалпы өңірдегі жағдай да тыныш болады. Сіздің сапарыңыз парламентаралық байланысты кеңейту үшін шын мәнінде маңызды рөл атқарады, — деді Мемлекет басшысы.

Танзила Нарбаева қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтып, Президент Шавкат Мирзиёевтің сәлемін жеткізді.

— Президентіміз Сізге ыстық ықыласын жолдап, алға қойған міндеттердің сәтті жүзеге асуына тілектестік білдірді. Қол жеткізілген уағдаластықтардың бәрі жеке бақылауында екенін айтты. Біз —

Президенттің бүкіл командасы, соның ішінде Парламент оны іске асырып, нақты нәтижеге қол жеткізу үшін аянбай еңбек етеміз. Өзіңіз айтқандай, Өзбекстан мен Қазақстан — бір-біріне ең жақын әрі сенімді серіктестер, — деді Өзбекстан Олий Мәжілісі Сенатының спикері.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Танзила Нарбаева парламентаралық дипломатияны, сондай-ақ сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға айрықша мән берілді.

Мемлекет басшысы орайлы сәтті пайдаланып, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевке жылы лебізін жолдады.

Кездесу соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев екіжақты стратегиялық серіктестікті тереңдетуге сіңірген еңбегі үшін Танзила Нарбаеваны II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ТҰРМЫС САПАСЫН ЖАҚСARTУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақаловты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өңірдің биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму барысы мен алдағы кезеңге арналған жоспары баяндалды.

Құмар Ақсақаловтың айтуынша, облыстың өнеркәсіп кәсіпорындары 1,82 триллион теңгенің өнімін өндірген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға жоғары. Құны 337 миллиард теңге болатын 13 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылып жатыр. Осы арқылы 3,4 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Маңызды жобалардың қатарында жылына 70 мың автокөлік шығаратын KIA зауыты көп ұзамай іске қосылады. Бұл жанадан 1 500 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ жүк автомобильдеріне жетекші белдем өндіретін «Камлит.KZ» зауыты бар. Жобаның инвестиция көлемі — 160,5 миллиард теңге. Онда 550 жұмыс орны ашылмақ. Бұдан бөлек, Арқалық әуежайын қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды.

Мемлекет басшысына жыл басынан бері өңірде 22 әлеуметтік нысан іске қосылғаны туралы мәлімет берілді. Жыл соңына дейін тағы 29 әлеуметтік нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту аясында облыста су тарату және су бұру жүйелеріне қатысты 54 жоба іске асырылып жатыр. Қала халқының 99 пайызы, ал ауыл тұрғындарының 91,3 пайызы орталықтандырылған су құбырына қосылған.

Биыл облыстың көлік инфрақұрылымын дамытуға 102 миллиард теңге бөлінген. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 40 пайызға артық. 1 300 шақырым автожолға, соның ішінде 7 республикалық трассада құрылыс, реконструкция және күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жезқазған — Петропавл учаскесінің реконструкциясы аяқталуға жақын. Қостанай — Мамлют жолы толық жаңарды. Екатеринбург — Алматы бағытындағы Сарыкөлден Ақмола облысының шекарасына дейінгі учаскеде жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Елді мекендердің көшелері мен жолдарын жақсартуға айрықша көңіл бөлінеді. Бюджеттен 103 ауылдағы 400-ден астам көшені жөндеуге 29 миллиард теңге бағытталды. Бұл 2022 жылмен салыстырғанда 2,5 есе көп.

Кездесу соңында Президент инвестиция көлемін одан әрі арттыру, өнеркәсіп пен аграрлық секторды дамыту, әлеуметтік инфрақұрылымдарды жаңғырту, тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсарту қажеттілігіне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жылыту маусымына әзірлікті уақытылы аяқтап, күзгі жиын-терін науқанын сапалы ұйымдастыруды, сондай-ақ ауыл тұрғындарының ауызсуға қолжетімділігін арттыру үшін жүйелі шаралар қабылдауды тапсырды.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – БАСТЫ НАЗАРДА



Мемлекет басшысы Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжановты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ақмола облысының биылғы бірінші жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өңірді өркендету перспективасы жөнінде баяндалды.

Марат Ахметжанов облыста барлық негізгі көрсеткіш бойынша өсім сақталып отырғанын жеткізді. Өңір ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін 1,2 триллион теңгеге дейін жеткізіп, елдің аграрлық секторының көшбасшысы ретіндегі орнын нығайтуды көздеп отыр. Биыл өнімділігі өте жоғары, соның ішінде майлы дақылдар алқабы 2,5 есе ұлғайды.

Президентке инвестициялық жобаларды іске асыру жөнінде мәлімет берілді. Аршалы ауданында республикалық маңызы бар Ақмола индустриялық аймағы құрылды. Жалпы құны 4 миллиард доллардан асатын инвестициялық портфель жасақталды. Осы арқылы 10 мыңға жуық жұмыс орны ашылады.

Мемлекет басшысына әлеуметтік инфрақұрылымдар құрылысының барысы таныстырылды. Соңғы екі жыл ішінде 4,7 мың тұрғын баспаналы болды. Бұл алдыңғы жеті жылдың көрсеткішіне тең. Осылайша, кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал тобы 29 пайызға

азайды. Қосшы қаласында үлескерлердің мәселесі оң шешіліп жатыр.

Білім беру саласында екі жыл ішінде 21 мың оқушыға арналған 33 нысан бой көтерді. Жана оқу жылы қарсаңында өңірде апатты жағдайдағы және үш ауысымды мектептер мәселесі толық шешілді.

Жылыту маусымына дайындық жоспарға сай жүргізіліп жатыр. Көкшетауда электр қуаты 240 Мвт, ал жылу қуаты 520 Гкал/сағат болатын жылу электр орталығы салына бастады. Су тарту нысандарының құрылысы аяқталуға жақын. Соның нәтижесінде облыс орталығында тұратын 200 мың тұрғын сапалы ауызсумен қамтылады. Жыл соңына дейін 9 елді мекенге газ құбыры тартылады.

Кездесу соңында Президент реновация бағдарламасы арқылы халықтың әлеуметтік осал тобын баспанамен қамтудағы облыстың оң тәжірибесін атап өтті. Мемлекет басшысы егін жинау науқанын ұйымдастыру, Қосшы қаласының дамуы бойынша тиісті шараларды қабылдау, су тасқынына қарсы жүйелі жұмыс жүргізу, сондай-ақ инвестиция тарту жөнінде нақты тапсырма берді.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы
«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма
төрағасы Асхат Хасеновті
қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның биылғы жеті айда атқарған жұмысының нәтижелері жөнінде есеп берілді.

Асхат Хасеновтің айтуынша, «ҚазМұнайГаз» геологиялық барлау жұмыстарын белсенді жүргізіп келеді. Биыл қолданыстағы кен орындарын қосымша барлау үшін жеті ұңғыманы бұрғылау жоспарланып отыр. Оның үшеуі бұрғыланды.

Қытайдың CNOOC компаниясы алғаш рет еліміздегі геологиялық барлау ісіне қаржы құюға шешім қабылдады.

Сондай-ақ Sinopec компаниясы Қазақстанға қомақты инвестиция салуға ниетті. Shell, Chevron, British Petroleum трансұлттық корпорациялары Атырау, Ақтөбе және Маңғыстау өңірлеріндегі учаскелерді жан-жақты зерттеуде.

Президентке соңғы 7 айда мұнай мен конденсат өндірісінің көлемі 15,3 миллион тоннаны құрағаны туралы баяндалды. Бұл 2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 9 пайызға жоғары. Ал табиғи және ілеспе газды өндіру көлемі 6,7 миллиард текше метрге жетті, яғни былтырғы жылдың көрсеткішінен 19 пайызға артық. Батыс Прорва (Атырау облысы), Өрік-

тау (Ақтөбе облысы), Рожков (Батыс Қазақстан облысы) кен орындарында газ өңдеу көлемін ұлғайту жобалары жүзеге асырылып жатыр.

Мемлекет басшысына мұнай тасымалдау көлемі 49 миллион тоннаны құрағаны туралы мәлімет берілді. Қосымша тасымалдау бағыттарын дамыту жұмыстары қолға алынды: жеті айда Әзербайжан бағытына 0,9 миллион тонна, Германияға 1,1 миллион тонна мұнай тасымалданды. Мажарстанға 85 мың тонна көлемінде Қазақстан мұнайының алғашқы партиясы жеткізілді.

Биыл отандық мұнай өңдеу зауыттарында 10,4 миллион тонна мұнай өңделді. Соның ішінде жанаржағармай өндірісі 7,8 миллион тоннаға жетіп, 936 мың тоннаға ұлғайды. Бұл — рекордтық көрсеткіш.

Асхат Хасенов Маңғыстау облысындағы Кендірлі зауытында тұшытылған теңіз суы Жаңаөзен қаласының су тарату желісіне жіберіле бастағанын айтты. Бұдан бөлек, қуаты 247 МВт болатын гибридіт электр стансасының құрылысы жүріп жатыр. Жылына 1 млн 250 мың тонна өнім шығаратын полиэтилен зауыты бой көтеруде. Жоба құны — 7,4 миллиард доллар.

Сонымен қатар Президентке өңірлерде жүзеге асырылып жатқан әлеуметтік жобалар таныстырылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы геологиялық барлау және ірі инвестициялық бастамаларды іске асыру бойынша жүйелі жұмысты жалғастыруды тапсырды.

ТҰЗ ЗАУЫТЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ



Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Жақсықылыш кентіндегі іргелі «Аралтұз» кәсіпорнының басы даудан арылмай қойды. Сәт сайын кен орнындағы келеңсіздіктер тұрғылықты халықтың ашу-ызасын туғызып тұр. Оның ішінде жалақы төңірегіндегі жырдан бастап, кен орнын игеруге қатысты бірқатар былықтың бетін ашқан кәсіпорын жұмысшылары басты талаптарының әлі күнге дейін ескерусіз қалып тұрғанына ашынады.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕП: ТАРҚАМАҒАН ТҮЙІН КӨП



КӨРЕРМЕННІҢ ӨМІРІНЕ МАҒЫНА БЕРГІМ КЕЛЕДІ



19 ТАМЫЗ 2026 | СЕЙСЕНБІ

СЕНАТ



СЕРІКТЕСТІКТІҢ ЖАҢА ЖОЛ КАРТАСЫН БЕКІТТІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев елімізге ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті. Кездесудің нәтижесінде тараптар Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты арасындағы Ынтымақтастықты дамыту бойынша 2025-2026 жылдарға арналған Жол картасына қол қойды.

Мәулен Әшімбаев Танзила Нарбаеваға ілтипат білдіріп, делегация мүшелерін Өзбекстанның келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Сондай-ақ ол екі елді тереңнен тамыр тартатын бауырластық, достық, тату көршілік дәстүр байланыстыратынын атап өтті. Палата Спикері мемлекет басшылары айқындап берген өзара іс-қимылдың жоғары қарқынын әрі қарай жалғастыру, сонымен қатар орнықты болашаққа қол жеткізу және Орталық Азияның ортақ міндеттерін іске асыру жолында бірлескен іс-қимылдың маңызды екеніне назар аударды.

«Біздің елдеріміз арасында барлық деңгейде тығыз саяси қарым-қатынас жолға қойылған. Экономикалық өзара іс-қимыл белсенді дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстар да нығайып келеді. Бұл — ең алдымен, мемлекеттеріміздің басшылары — Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёевтің берік достығының, құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынасының және олардың ерік-жігері мен бірлескен жұмысының нәтижесі. Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулер мен Мемлекет басшыларының өзара сапарлары барысында маңызды келісімдерге қол жеткізілді. Осы ретте Өзбекстан Президенті бытыр тамыз айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарын ерекше атап өткен жөн. Соның аясында алдағы 10 жылға арналған стратегиялық серіктестік пен ынтымақтастық бағдарламасы қабылданды. Мемлекет басшылары деңгейінде қол жеткізілген барлық келісімді тиімді іске асыруға өз үлесімізді қосу — біздің басты міндетіміз», — деп Сенат Төрағасы келесі жылы Алматыда өтетін Өңірлік климаттық саммиттің негізгі тақырыптарына тоқталды.

Сонымен қатар кездесуде Қазақстан мен Өзбекстан Парламенттерінің палаталары арасындағы Ынтымақтастық жөніндегі комиссия жұмысының нәтижелері талқыланды. Одан бөлек, Орталық Азия мемлекеттерінің Парламентарлық форумы аясында Орталық Азияның саяси, экономикалық және мәдени әлеуетін іске асыру жөніндегі міндеттер белгіленді.

«Елдеріміз арасында парламентарлық ынтымақтастықты дамытудың маңызы зор. Бүгін осы бағыттағы алдағы міндеттерді айқындайтын палаталар арасындағы өзара іс-қимылдардың Жол

картасына қол қоямыз. Бұл құжатты қабылдау заң шығару қызметінде тәжірибе алмасуды жандандыруға, бірлескен іс-шаралар мен консультациялар өткізуге, сондай-ақ тиісті комитеттер мен палаталар аппараттары арасындағы өзара іс-қимылды дамытуға мүмкіндік береді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сұхбат кезінде тараптар су-энергетика, көлік-логистика және экология саласындағы жобаларды, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, машина жасау, білім беру, коммуникация мен цифрландыру бағыттарын дамытуға, азық-түлік қауіпсіздігін және басқа да маңызды секторларды қамтамасыз етуге арналған бастамаларды да Парламенттер арқылы қолдауға ерекше назар аударды.

Кездесуде парламентарлық байланысты одан әрі нығайтумен қатар Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алдағы съезі шеңберінде рухани дипломатияны дамыту мәселесі де сөз болды. Мәулен Әшімбаев аталған форумды Өзбекстан тарапы жан-жақты қолдап, Өзбекстан мұсылмандары басқармасы съезге белсенді қатысып келе жатқанын айтты және бауырлас елдің өкілдері дінаралық диалогті ілгерілетуге, әлемді алаңдатып отырған бүгінгі өзекті мәселелерді шешу жолында рухани лидерлерді жұмылдыруға атсалысқаны үшін алғыс білдірді.

Өз кезегінде Танзила Нарбаева Қазақстанның Орталық Азия өңірін дамытуға қосқан үлесі, сондай-ақ көптеген сын-кәтерді еңсеру және негізгі бағыттар бойынша қазақ-өзбек байланыстарын нығайту жолындағы ерік-жігері үшін ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар Олий Мәжіліс Сенатының Төрағасы қазірдіңдейіндер мен мәдениеттер арасындағы бейбітшілік, келісім және толеранттылық идеяларын ілгерілетудің маңызды екенін айттып, ынтымақтастықтың аясын одан әрі кеңейтуге мүдделі екенін білдірді.

Айта кетейік, сапар аясында Олий Мәжіліс Сенатының Төрағасы Қазақстан-Өзбекстан ғылыми-шығармашыл зиялыларының форумына қатысады. Сондай-ақ Танзила Нарбаева ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерімен кездесіп, «Астана» халықаралық қаржы орталығының және Astana Hub IT-стартаптар технопаркінің қызметімен танысады деп күтілуде.

МӘЖІЛІС

ПАРЛАМЕНТАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ КЕҢЕЮДЕ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошанов Астанаға ресми сапармен келген Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының төрағасы Танзила Нарбаевамен кездесті. Тараптар парламентарлық ықпалдастықты арттыру мәселесін талқылап, екіжақты қарым-қатынастың өзекті жайттары бойынша пікір алмасты.



Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы парламентарлық диалог қарқынды канат жайып келеді. Тек биылдың өзінде екі ел Парламенттерінің басшылары түрлі алаңда бірнеше мәрте кездесу өткізді.

Жоғары деңгейдегі келіссөздер бүгін Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты төрағасының Қазақстанға ресми сапары аясында жалғасын тапты.

Кездесуде Ерлан Қошанов өзбек халқын келе жатқан Тәуелсіздік күнімен құттықтап, бауырлас ағайынға бақ-береке тіледі.

— Бүгінде елдеріміз арасындағы күн тәртібінің мазмұны арта түсуде. Ынтымақтастығымыз стратегиялық серіктестік пен одақтастық рухында қарқынды дамып келеді. Бұл — әрине, біздің президенттеріміздің ерен еңбегінің нәтижесі, — деді Е.Қошанов.

Стратегиялық әріптестік Парламент деңгейінде де серпінді жалғасуда. Парламентарлық байланыс — екі ел басшыларының келісімдерін іске асыратын маңызды тетіктің бірі. Сондықтан депутаттар бұған ерекше мән беріп, тығыз байланыста жұмыс атқарып жатыр.

— Көшбасшыларымыздың кездесулерінің қарқыны мен нәтижелігі біздің парламентарлық байланысымыздың сипатын айқындайды. Шавхат Мирзиёевтің Қазақстанға жасаған 2021 жылғы

сапары барысында президенттеріміз барлық уағдаластықтың орындалуын парламенттер бақылауы керек деген ортақ пікірге келді. Сөйтіп, Парламентарлық ынтымақтастық кеңесін құру туралы шешім қабылданды. Бүгінде кеңес тиімді жұмыс атқаруда. Біз Ташкентте және Алматыда кеңестің екі отырысын өткіздік. Президенттеріміздің арасындағы барлық келісім парламентшілердің бақылауында. Жалпы, депутаттарымыздың әр кездесуі екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға ерекше қарқын беруде, — деді Е.Қошанов.

Өз кезегінде, Танзила Нарбаева қонақжайлық танытқаны үшін Қазақстан тарапына зор алғысын айтып, екіжақты парламентарлық байланыс нығая беретініне сенім білдірді.

— Көптеген мәселе бойынша біздің көзқарасымыз ұқсас. Және үнемі бір-бірімізді қолдап келеміз. Президенттеріміз де бірдей бағыт ұстанады. Ол — азаматтарымыздың жайлы өмір сүруі үшін жағдай жасау, бейбітшілік, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету. Көшбасшыларымыз екі ел арасындағы тауар айналымын 2030 жылға қарай 10 млрд долларға жеткізу жөнінде ауқымды міндет қойды. Оған барлық мүмкіндік бар. Біздің мақсатымыз — президенттеріміздің келісімдерін іске асыру үшін заңнамалық негіз қалыптастыру, — деді Танзила Нарбаева.

ҮКІМЕТ



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ДАМУҢА МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Премьер-Министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте берген тапсырмаларын жүзеге асыру бойынша Цифрлық штаб отырысын өткізді.

Цифрлық штабтың шешімімен мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін интеграциялаудың кешенді жоспары, сондай-ақ жасанды интеллект деректер массивтерімен жұмыс істеу регламенті және оны жүзеге асыру жоспары бекітілді. Smart Data Ukimet бойынша мемлекеттік деректерді біріктіру бойынша жұмыстарды аяқтау мерзімдері анықталды. Жана хәштеу әдісін қолданатын интеграция биылғы

жылдың 1 қыркүйегінде аяқталуы керек, ал барлық деректер осы жылдың 1 желтоқсанына дейін платформаға берілуі керек. Сонымен қатар биылғы 15 қыркүйекке дейін мемлекеттік органдар қызметкерлерінің АІТУ ұлттық мессенджеріне көшуі міндеттелді.

Премьер-Министр қабылданған құжаттарды сапалы әрі уақытылы іске асырудың маңыздылығын атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қазақстан Еуразиядағы цифрлық хабқа айналуы тиіс деген мақсатты алға қойып отыр. Нақты міндеттер белгіленді. Бүгінде Цифрлық штаб барлық мемлекеттік орган мен ұйымдар үшін міндетті шешімдер қабылдады. Нәтиже ақпараттық қауіпсіздікті жақсартуға және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталған», — деді Олжас Бектенов.

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ҚАТАҢДАЙДЫ

Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен жиында ветеринарлық және фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері қаралды.

Өңірлерде ауыл шаруашылығы жануарларын АШЖБ жүйесінде тіркеу мәселесі әлі де өзекті. Мал басын толық цифрландыру және эпизоотиялық жағдайды бақылау сапасын арттыру мақсатында Серік Жұманғарин АШМ-ге әкімдіктермен бірлесіп, ауыл шаруашылығы санақтары кезінде нақты шаралары бар жол картасын жедел әзірлеуді тапсырды.

«2023 жылдан бастап Қазақстан вакцина мен диагностиканың отандық өндірісін ұлғайтуда. Отандық препараттардың үлесі 68%-дан 82%-ға дейін өсті. Елде сатып алынатын 22 вакцина атауының 18-і өзімізде шығарылады», — деді ауыл шаруа-



шылығы вице-министрі Аманғали Бердалиев.

Сондай-ақ осы жылдан бастап зертханалық базаны жаңғырту басталды. Алдағы екі жылда Қазақстан бойынша

жабдықты жанарту толық аяқталмақ. Биыл Ұлттық ветеринария референттік орталығы мен Республикалық ветеринариялық зертхананың жабдықтары жанартылатын болады.

Қостанай облысындағы Николаев-ка ауылында жылдар бойы ауызсу мәселесі туындап келген болатын. Енді елді мекенде орталықтандырылған су жүйесі іске қосылып, ауыл тұрғындары таза ауызсумен қамтылмақ. «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесінің құрылысы осы жылдың қараша айында аяқталмақ. Құрылыстың барысымен Мәжіліс Төрағасының орынбасары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Альберт Рау және Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Еркін Әбіл танысты.

Бүгінде құны 1,3 млрд теңгені құрайтын нысанның 50 пайызы дайын. 11 шақырым жерге су құбыры тартылып, құдықтар орнатылып, сорғы стансалары құрылды. Сондай-ақ дәнекерлеу және электр-техникалық жұмыстар аяқталды. Жоба Бейімбет Майлин ауданының барлық халқын ауызсумен қамтуға мүмкіндік береді. Мәжіліс Төрағасының орынбасары Альберт Раудын айтуынша, еліміздегі барлық елді мекендерді 100 пайыз таза ауызсумен қамту — «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы негізгі міндеттердің бірі. «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары жыл сайын ондаған ауыл-

АУЫЛҒА ТІРШІЛІК НӘРІ ЖЕТТІ



ды ауызсумен қамту жобаларын бюджет жоспарына енгізуге ықпал етіп келеді. Бұған дейін елімізде шамамен 700 ауылда ауызсу мүлде болмаған. Бүгінде жүргізілген жұмыстардың арқасында бұл бағытта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Партиямыздың табанды ұстанымының арқасында арнайы мемлекеттік қордан қосымша қаражат тартылды. Бұған дейін жемқорлардан тәркіленген қаржы тек мектеп құрылысына жұмсалса, біз оны халықтың күнделікті тұрмысымен тікелей байланысты жобаларға да бағыттау қажеттігін көтердік. Соның нәтижесінде еліміздің жүздеген ауылында су құбырын жүргізу

мүмкіндігі туды. Алдымызда әлі де үлкен міндеттер бар. Ауызсумен бірге халық жана спорт залдарын, мәдениет үйлерін, әлеуметтік нысандардың салынуын күтуде. Дегенмен бірінші кезекте — ауызсу мәселесі. Біз әкімдіктермен және мәслихаттармен бірлесіп, әрбір теңгенің мақсатты жұмсалуды қатаң бақылауда ұстайтын боламыз», — деді ол. Депутаттар жергілікті билік өкілдері мен мердігер ұйымдардың ауылдарды орталықтандырылған сумен жабдықтау мәселесіне қатысты есептерін тыңдады. Сондай-ақ әрбір су нысаны бойынша жұмыс кестесі қаралды.

ОРАҢҒАЙДА ОҢАЛТУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛАДЫ

Түркістан облысы Сауран ауданына қарасты Ораңғай ауылында психоневрологиялық аурулары бар балаларға арналған 50 орындық оңалту орталығының құрылысы аяқталуға жақын. Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Абдиев нысанның құрылыс барысымен танысты. Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында бой көтеріп жатқан бұл орталықты тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр. Бұдан бір жыл бұрын осы ауылда мүмкіндігі шектеулі жан-дарға арналған 200 орындық орталық ашылған болатын.



ционарда күндізгі бөлімге осы аумаққа жақын аудандардан 30 бала қабылданып айтты. Балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде, оларды өзін-өзі қызмет көрсету дағдыларына үйретуде дефектолог, логопед, еңбек инструкторлары, психолог мамандары жұмыс жүргізеді.

Орталыққа алынған жабдыктардың басым бөлігі қазақстандық өнім екені айтылды. Оның ішінде сынып үстелдері мен орындықтары әр баланың дене бітіміне сәйкестендірілетіні, трансформерлік қасиетке ие екені көрсетілді. Орталыққа алғаш келген баланың денсаулық жағдайы филтрлеу бөлмесінде арнайы тексерістен өтеді. Мамандар берген қорытындыға сәйкес, олар түрлі дене шынықтыру оғалту шараларымен қамтылады. Мұнда иппотерапия әдісімен емдеуде Оңтүстік Кореядан механикалық ат жабдығы алынған. Электронды жабдық әр екі минут сайын түрлі жаттығу формаларына енеді. Жалпы



Мәжіліс депутаты Ерлан Абдиев ғимарат ішін аралап көріп, әлеуметтік-тұрмыстық ортаға бейімдеу, сурет салу, сенсорлық жабдыктар, компьютерлік сынып, кітапхана, емдік-дене шынықтыру, аквабөлме, Монтессори бөлмелері мен акт және спорт залдарын, асхананың жабдықтау жағдайымен танысты. Орталық директоры Ляззат Есназарова әлеуметтік қызметтер көрсететін бұл мекеме Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы мерекесі қарсаңында ашылғп, 3 жас бен 18 жас аралығындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған 50 балаға қызмет көрсететінін атап өтті. Сондай-ақ мұнда жартылай ста-

иппотерапияның 10 түрлі әдісі қолданылатын болады. Сондай-ақ сенсорлық столдар, мотомед жабдықтары, жұмсақ моториканы дамытуға арналған арнайы жабдыктар қамтылған, балалар қажеті үшін жұмсақ модульдер қойылған. Сенсорлық столда балалар күн терапиясы бойынша ем алып, түстерді ажырату, түрлі түсті суреттер салу, құм және су сенсорлы үстелдерінде балалар қолмен илеу, топырақ үю жаттығуларын жасайды.

«Біз «кедергісіз орта» туралы айтқанда, бұл абстрактілі ұғым емес, адамдардың өмірін дәл қазір өзгертетін нақты шешімдер екенін түсінуіміз қажет. Ораңғайдағы

оңалту орталықтары — «AMANAT» партиясының сайлауалды уәдelerінің іс жүзінде орындалып жатқанынын айқын дәлелі. Ерекше күтімді қажет ететін балалардың ата-аналары үшін бұл — перзентінің кәсіби көмек алып, толыққанды өмірге қадам басуына деген сенім. Ересектер үшін — қоғамнан шет қалмай, белсенді өмір сүруіне мүмкіндік беретін қолдау. Алдағы уақытта да мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтарын қорғауды жалғастырып, қабылданатын әрбір заң мен бағдарламада олардың мүддесі мен қажеттілігінің ескерілуін қамтамасыз етеміз», — деді Ерлан Абдиев.

Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жүргізілуде. Бүгінде «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша елімізде ерекше білім беруді қажет ететін 16,9 мың баланы қамтитын 1,8 мың инклюзия кабинеті, сондай-ақ 5,5 мың баланы қамтитын 688 бейімделген спорт секциясы жұмыс істейді. Партия жұмыс орындарындағы квоталардың орындалуын да бақылауда: жыл басынан бері еңбек ұжымдарында 600 кездесу өтіп, онда Әлеуметтік кодекстің ережелері түсіндіріліп, осы санаттағы азаматтарға 2—4 пайыздық квота сақталуы талап етілді. Инфрақұрылым қолжетімділігін арттыру мақсатында 863 рейд жүргізіліп, 2 мың әлеуметтік нысан мен 800-ге жуық қоғамдық көлік тексерілді. Нәтижесінде, 430-дан астам заңбұзушылық анықталып, оларды жою бойынша ұсыныстар берілді.

Айта кету керек, былтыр Мәжілісте мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бағытында елеулі жұмыс атқарылды. Жиырмаға жуық депутатты біріктіретін «Инклюзивті парламент» тобы барлық заң жобасын осы санаттағы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін ескере отырып қарастырады. Депутаттардың бастамасымен тұрғын үй заннамасына I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға, сондай-ақ мүгедек балалары бар отбасыларға баспананы бірінші кезекте алу құқығын бекітетін нормалар енгізілді. Халық қалаулыларының қолдауымен жоғары оқу орындарына мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қабылдау квотасы 1 пайыздан 2 пайызға дейін ұлғайтылды.

Депутаттардың бастамасымен тұрғын үй заннамасына I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға, сондай-ақ мүгедек балалары бар отбасыларға сатып алу құқығынсыз алынған баспаналарын тегін өз атына жекешелендіруге болатын құқығын бекітетін нормалар енгізілді.

Ақмола облысының Егіндікөл ауданының тұрғындары Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Юлия Кучинскаяға ауызсудың мәселесіне, жолдардың нашарлығына және ауылдағы жолдардың су астында қалуына қатысты шағымдарын айтты. Өз кезегінде мәжілісмен суға қатысты жобалардың іске асырылуына бақылауды күшейтуге уәде беріп, Нұра топтық су құбырын жаңғыртуға арналған кеңес өткізді.

САПАЛЫ АУЫЗСУ ТҰТЫНУ – ӘР АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫ

Жергілікті тұрғындармен кездесуден соң Юлия Кучинская орталық және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің қатысуымен Ақмола облысындағы сумен жабдықтау мәселелеріне арналған кеңес өткізді. 2025 жылдың соңына дейін халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету — Мемлекет басшысы мен «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы басты міндеттің бірі.

— Сапалы ауызсуға қол жеткізу — әрбір азаматтың заңды құқығы, бұл артықшылық

өткізетін құбырларды ауыстыруға, есептегіш құралдарды орнатуға қаражат бөлінді. Егіндікөл және Полтавка ауылдарында су мұнаралары жөнделмек. Ал Абай, Жұлдыз және Жалманқұлақ ауылдарында суды тазартуға арналған блок-модульдер орнатылады. Бұл шаралар халыққа санитарлық талаптарға сай қауіпсіз ауызсу жеткізуге мүмкіндік береді.

2025 жылы кемінде 80 ауылды ауызсумен қамту жоспарланған. Осылайша, жалпы саны 148 ауыл таза ауызсуға қол



емес, өмірлік қажеттілік. Егіндікөл ауданында көп жылдан бері қордаланған мәселе партиямыз бен мемлекеттік органдардың жүйелі жұмысының арқасында шешімін табуда. Біздің басты міндетіміз — мәселені уақтылы шешіп, әрбір ауыл мен әрбір үйді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, — деді депутат.

Облыстың үш ауданын ауызсумен қамтып отырған Нұра топтық су құбырының жай-күйіне ерекше назар аударылды. Бұл нысан жылдар бойы халықты әбiгерге салған басты мәселенің бірі болып отыр. Тұрғындардың «AMANAT» партиясына жасаған өтінішінен кейін құбырдың қайта жаңғыртылуы ерекше бақылауға алынды. 2023 жылы ауқымды жұмыс қолға алынып, 2024 жылдың шілдесінде оның маңызды кезеңі аяқталды. Нәтижесінде, Сабынды ауылынан Егіндікөлге дейінгі 68,5 шақырымдық бөлік қайта қалпына келтірілді. Бұл ауданның едәуір бөлігін сумен қамтуға мүмкіндік берді.

Былтығы жылы су нысандарын жөндеуге, сорғыларды, ысырмаларды және су

жеткізетін болады. Сонымен қатар Көкшетау, Қосшы, Макинск және Ерейментау қалаларында және ауылдық округтерде жобалар іске асырылуда. Бұл жұмыстарға республикалық бюджеттен, арнайы мемлекеттік қордан және облыстық бюджеттен қаржы бөлінген. Тек 2024-2025 жылдары өртүрлі қаржы көздерінен 20 млрд теңгеден астам қаражат қарастырылды. Қазір Ақмола облысында орталықтандырылған сумен қамтудың көрсеткіші қалаларда — 99%, ауылдарда 96,6%-ды құрап отыр.

Айта кетейік, жуырда қабылданған Су кодекcін әзірлеуге Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары бастамашы болды. Кодекс су шаруашылығын кешенін жаңғыртуды, ресурстарды тиімді пайдалануды және барлық қазақстандықтарды сапалы ауызсумен қамтамасыз етуді көздейді. Сондай-ақ құжат қосымша бақылау тетіктерін енгізіп, жұмыстың белгіленген уақытында аяқталмауы мен сапасыз орындалуы үшін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін күшейтеді.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ҚЫЗМЕТІ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерболат Сатыбалдин Ұлытау облысында Төтенше жағдайлар департаментінің инфрақұрылымы мен материалдық-техникалық базасын тексерді.



Сапар барысында халық қалаулысы Ұлытау облысы Жезқазған қаласындағы №1 мамандандырылған өрт сөндіру бөліміне барып, жеке құраммен кездесті. Өрт сөндірушілердің жабдықтауы мен жұмыс жағдайымен танысып, қызметкерлердің ұсыныстарын тыңдады. Сондай-ақ кездесу барысында қызметкерлердің кәсіби даярлығын арттыру және қауіпсіздік талаптарын жетілдіру мәселелері талқыланды.

Іс-сапар аясында Ерболат Сатыбалдин Жезқазған қаласында салынып жатқан жаңа өрт депосының құрылыс барысымен де танысты. Ол мердігер ұйым өкілдерімен құрылыс жұмыстарының сапасы мен жоспарға сай уақытылы аяқталуын талқылап, атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарын айтты.

«Жаңа өрт депосының құрылысы төтенше жағдайларға жедел әрекет ету мүмкіндігін арттырады және қаланың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Материалдық-техникалық база бойынша әлі де жетілдіруді қажет ететін тұстар бар. Осы мәселе бойынша тиісті ұсыныстар әзірленеді. Бұл жобаның уақытылы әрі сапалы жүзеге асуы біздің бақылауымызда болады», — деді Ерболат Сатыбалдин.

Іс-сапар нәтижесінде төтенше жағдайлар қызметінің материалдық-техникалық мүмкіндіктерін күшейту, инфрақұрылымды жаңарту және қызмет сапасын арттыруға қатысты бірқатар ұсыныстар әзірленді. Аталған жұмыстардың орындалуы мен бақылау шараларын қамтамасыз ету «AMANAT» партиясының басты назарында болады.

19 ТАМЫЗ | СЕЙСЕНБІ

Елімізде 2022 жылдан жүргізілген конституциялық реформалар жаңару мен жасампаздықтың бастауына, қуаттану мен өрлеудің арқауына айналды. Бұқара мен биліктің келісімі, бірлігі, тепе-теңдігі үйлесім тапқанда елге құт қонып, береке орнайды. Президент бастамашы болған конституциялық өзгерістер аясында жүзеге асқан сайлау жүйесіндегі және салалық заңнамадағы трансформация мемлекет пен қоғамның ауызбіршілігін нығайтуға септігін тигізді. Ата Заңның 30 жылдығы қарсаңында осынау реформалар астарына да үңілдік.



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – ЖАҢАРУДЫҢ ЖАҢА БАСТАУЛАРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән беріп, елді бірауыздылыққа, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білуге шақырды.

— Біздің бүгінгі бастамаларымыз Қазақстанның болашағын айқындайды. Біз күн сайын ескі мен жаңаның, тоқырау мен дамудың арасынан таңдау жасаймыз. Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын! Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз. Әділетті Қазақстанды құру ісі енді ғана басталды. Алдағы жолдың қиындығы көп. Бұл бағдарымыз ешқашан өзгермейді, ішкі және сыртқы ахуал қандай болса да жалғаса береді, — деді К.Тоқаев.

Мемлекет басшысы бұдан былай халықты алаңдатқан, ел үшін маңызды мәселелерді келісіп, референдум арқылы шешуді ұсынды. Бірлік пен келісім қоғамның экономикалық, саяси және рухани жаңғыру мақсаттарына табысты қол жеткізуінің негізі мен басты шарты болады.

Осы орайда 2022 жылғы 5 маусымдағы референдум нәтижесінде Конституцияға өзгерістер енгізілді. Бұл халықтық таңдау жаңа саяси жаңғырудың кайнарына айналды. Атап айтқанда, мемлекеттік билік пен басқарудың 76 органына лауазымды тұлғаларды сайлаудың

экономикалық проблематика бойынша да билікпен келісіп шешім қабылдауға, байламын білдіруге қатысты қоғамның сұранысы зор екенін паш етті.

Сонымен, 2024 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан Президенті «2024 жылғы 6 қазанда республикалық референдум өткізу туралы» №636 Жарлығына қол қойды. Оған «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?» деген сауал шығарылды.

Референдумды әзірлеу мен өткізуді — «Орталық референдум комиссиясының» функцияларын орындаған Орталық сайлау комиссиясы, сондай-ақ аумақтық референдум комиссияларының функцияларын орындаған 246 аумақтық сайлау комиссиясы және

71,12%-ы дауыс берген. Референдумға шығарылған мәселеге қарсы екенін білдірген азаматтардың саны — 2 045 271. Ал 130 267 бюллетень бүлініп қалғандықтан, жарамсыз деп танылған.

Орталық комиссия референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқандықтан, «Сіз Қазақстанда атом электр станциясын салуға келіссіз бе?» мәселесі бойынша референдумды «өтті» деп таныды. Сондай-ақ ол дауыс беру нәтижесінде қатысқан азаматтардың жартысынан көбі қолдап дауыс бергендіктен, референдумға шығарылған мәселе қабылданды деп саналды.

Сол референдумнан кейін конституциялық реформа аясында өткен

Ортсайлауком мәліметі бойынша, 2024 жылы ауыл әкімдерінің 606 сайлауы өткізілді. Оның ішінде 308-і немесе 50,8%-ы өкілеттік мерзімінің өтуіне байланысты, тағы 298-і немесе 49,2%-ы — өкілеттіктің мерзімінен бұрын тоқта-тылуына байланысты ұйымдастырылды.

«Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болуға кандидатты ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар — өз мүшелері арасынан, азаматтар өзін-өзі ұсыну тәртібімен әкім болуға кандидат ретінде дауысқа түсу ниеті туралы тиісті сайлау округінің аумақтық сайлау комиссиясына өтініш беру арқылы, сондай-ақ егер ұсыну мерзімі аяқталатын күнге екеуден аз кандидат ұсынылса, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі жүргізеді», — деп түсіндірді ОСК.

Сайлау қорытындысында жергілікті тұрғындар сайлаған жаңа 606 әкімнің 542-сі (89,4%-ы) — ер, 64-і (10,6%-ы) әйел болды. Жаңа әкімдер 12 ұлттың өкілі саналады. Барлығының жоғары білімі бар. Орташа жасы 43,7 жасты құрады. 381-ін немесе 62,9%-ын ресми тіркелген 5 саяси партия ұсынды. Тарата айтқанда, 365-ін — «АМАНАТ» партиясы, 6-уын — «Ақ жол» ҚДП, тағы 6-уын — ККП, екеу-екеуден «Ауыл» ХДПП мен Respublika партиясы ұсынды. Қалған 225-і өзін-өзі ұсынған. 79,4%-ы — саяси партияларының мүшелері, тек 20,6%-ы өзінің қандай партия мүшесі екенін көрсетпеді.

Орталық сайлау комиссиясы 2025 жылы Қазақстанның аудандары мен облыстық маңызы бар қалаларының, сондай-ақ аудандық маңызы бар қалаларының, ауылдық округтердің, кенттер мен ауылдардың әкімдерін сайлау

Бүгінде Орталық сайлау жанындағы Сарапшылық кеңес сайлау үдерісін ары қарай жетілдіру жолдарын қарастырып жатыр. Себебі Мемлекет басшысы осы тұрғыда әлемдегі ең үздік тәжірибені зерттеуді жүктеген-тін. Соның шеңберінде, мысалы, сайлауда электронды, мерзімінен бұрынғы, қашықтан және көпкүндік дауыс беру сияқты баламалы нысандарды қолдану, кандидаттардың Қазақстанның немесе белгілі бір өңірдің аумағында тұрақты тұруы фактісін анықтау бөлігінде отырықшылық цензі мәселелерін реттеу, инфлюенсерлер, блогерлер, танымал тұлғалар дауыс беру процесіне ықпал етпеуі үшін толтырған бюллетенін фото-видеоға түсіруіне және жариялауына тыйымды енгізу және басқа мәселелер пысықталды.

Электронды және қашықтан дауыс беруді зерттеу ғалымдар мен практиктердің кең тобын тарта отырып, әлі де жалғасып жатыр. Бұл жерде қағаз бюллетеньдерді пайдаланып, сайлаушыларға бір емес, бірнеше күн бойы және мерзімінен бұрын дауыс беру мүмкіндігін ұсынуға екпін түсіріледі.

— Мерзімінен бұрын дауыс беру институты АҚШ, Аустралия, Канада, Жаңа Зеландия, Норвегия, Ресей, Түрікменстан, Түркия, Финляндия, Швейцария, Швеция сияқты елдерде қолданылады. Оның кейбірінде сайлаушыларға қашықтан — пошта немесе интернет арқылы дауыс беруге рұқсат етіледі. Италияда, Лихтенштейнде, Норвегияда, Чехияда көп күндік дауыс беру тұрақты негізде енгізілді. Бұл бір күні шұғыл әрі ауыстыруға болмайтын шаруасы шығып, қолы босамай қалған адамға келесі күндері немесе ертерек өз ықтиярын білдіруіне мүмкіндік береді, — деді Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институтының қызметкері, заң ғылымдарының докторы Николай Турецкий. Ғалым мұның тәуекелдері де барын, сондықтан ең алдымен дауыстарды санау рәсімінің дұрыстығын, қауіпсіздігі мен ашықтығын қамтамасыз етудің маңызын атап өтті.

Профессор, заң ғылымдарының докторы Марат Қоғамовтың пайымдауынша, мұндай жаңашылдықтарды жаппай енгізбес бұрын алдымен сынақтан өткізіп көру керек. Сондай-ақ ол көп күндік дауыс беруді сайлау субъектісіне қарай дифференциациялаған жөн деп есептейді. Яғни, Президент, Сенат пен Мәжіліс депутаттарының сайлауы сияқты бүкілреспубликалық сайлау мен өңірлік деңгейлердегі әкімдер, мәслихат депутаттарының сайлауы үшін әртүрлі мерзімді қарастыруға болады. Қазақстанда сайлауға қатысу көрсеткіші үнемі төмен болатын өңірлер бар. Сарапшылар дауыс берудің балама түрлерін енгізу жүйелі түрде қалыс қалатын сайлаушыларды да тартуға ықпал етуі ықтимал екеніне назар аудартты.

Қалай болғанда, реформаларды әрі ұластыру үшін кәсіби-эксперттік орталарда пікірталастар, егжей-тегжейлі пысықтаулар, озық бастамаларды пилоттық режимде сынаулар жалғасатын болады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев VIII шақырылымдағы Парламенттің I-сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде: «Біз Отанымызды өркендету жолында зор бетбұрыс жасап, жаңа дәуірге қадам бастық. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет», — деді. Демек, өзгерістер мұнымен бітпейді. Бұл ұзақ жолдың басы ғана болса керек.

Айхан ШӨРПІ



тұғырлы жаңа тәртібі өмірге жолдама алды. Оның ішінде мысалы, ел Президентін бірреттік 7 жылға сайлау, Мәжіліс пен мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде мажоритарлы және аралас сайлау жүйесіне қайта оралу, халық таңдаған депутаттарды кері шақырып алу бойынша императивті мандатты енгізу бар.

2022 жылғы референдум қорытындысында Конституцияға қоғамды демократияландыруға бағытталған жалпы саны 56 өзгеріс енгізілді. Сарапшылар, соның ішінде мысалы, бұрын тек биік лауазымды билік өкілдерінің аз шоғырына қызмет етіп келген Конституциялық кеңестің орнына әрбір азамат жүгіне алатын Конституциялық сотты құруды атап өтеді. Бұл азаматтардың қорғалу деңгейін жоғарылатып.

Реформа Парламенттің рөлін күшейтті, мемлекеттік басқаруды модернизациялады, қоғамдық бақылау мен жергілікті өзін-өзі басқаруды кеңейтті. Мемлекеттік шығыстарды бақылаудың, жер мәселелерін реттеудің және саяси процестердің айқындығын арттырудың жаңа тетіктері пайда болды, мұның бәрі Қазақстанның ары қарайғы демократиялануға деген ұмтылысын бекітті.

Қазақстанда тәуелсіздіктің 34 жылы ішінде жалпы саны 4 референдум ғана өтіпті. Соның ішінде 2024 жылы ұйымдастырылған соңғы референдум ел тарихындағы елеулі оқиғаға айналды. Қазақстан халқы онда тұңғыш рет саяси емес, стратегиялық мәселеге — республиканың энергетикасының болашағына қатысты ықтиярын білдірді. Бұл мәселені талқылау мен дауыс беруге жұртшылықтың белсенді қатысуы қоғамдық-саяси күн тәртібіндегі дәстүрлі тақырыптардан басқа, әлеуметтік-

учаскелік референдум комиссияларының функцияларын орындаған 10 323 учаскелік сайлау комиссиясы жүзеге асырды. Кейін халықаралық байқаушылар мойындағандай, Орталық комиссияның отырыстары ақпарат құралдарының қатысуымен ашық және жария түрде өткізілді. Жиындары ОСК-ның интернет-ресурсы арқылы көрсетілді және сурдоаудармамен қамтамасыз етілді.

Ортсайлауком Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында (gov.kz/referendum), сондай-ақ referendum.gov.kz, referendum2024.gov.kz арнайы ашылған сайттарда дауыс беруге арналған учаскені іздеу сервисін іске қосты. Gov.kz, egov.kz басты беттерінде, банк қосымшаларында АЭС туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауап парақшасына өткізетін баннер орналасты. Дауыс берудің күні, уақыты, орны туралы ақпаратты бар, сондай-ақ жүргізіліп жатқан науқан бойынша барлық ақпараттық материалға қол жеткізуге мүмкіндік беретін қағаз хабарламада QR-код түріндегі цифрлық шешім элементі алғаш рет енгізілді.

Дауыс беру күні референдум учаскелерінде қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың 31 798 өкілі және отандық БАҚ-тың 1 627 өкілі, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың 177 байқаушысы, сондай-ақ шетелдік БАҚ-тың 200 өкілі қатысты.

Тарихта қалған соңғы референдумның қорытындыларына тоқтала кетсек. «Бүкілхалықтық сауалнамаға» қатысуға құқығы бар Қазақстан азаматтарының жалпы саны — 12 284 487 адамды құрады. Соның ішінде 7 820 204 адам немесе 63,66%-ы референдумға қатысып, ықтиярын білдірді. Референдумға шығарылған мәселені қолдап, 5 561 937 немесе



Қазақстанда тәуелсіздіктің 34 жылы ішінде жалпы саны 4 референдум ғана өтіпті. Соның ішінде 2024 жылы ұйымдастырылған соңғы референдум ел тарихындағы елеулі оқиғаға айналды. Қазақстан халқы онда тұңғыш рет саяси емес, стратегиялық мәселеге — республиканың энергетикасының болашағына қатысты ықтиярын білдірді.

келесі іс-шара — аудандық маңызы бар қалалар, ауылдық округтер, ауылдар және кенттер әкімдерін сайлау болды. Жаңару аясында енді оларда жергілікті халық өз әкімін тікелей өзі сайлап алады. Бұрын бұл кандидатураны облыс әкімі ұсынатын, содан әдетте екі үміткердің арасынан мәслихат депутаттары бірін таңдауға мәжбүр болатын.

науқаны өтіп жатқанын хабарлады. Оның үлкен бөлігі тамыз айының соңында және алдағы қыркүйек айында ұйымдастырылады. Сайлау өтетін ауыл-қаланың атауы мен басқа да ақпараты Ортсайлаукомның ресми интернет-ресурсында жарияланып, дерегі үнемі толығыады. Қорытынды мәліметтер кейін белгілі болады.

ӨЗЕКТІ

Елімізде соңғы жылдары жекеменшік мектептер саны күрт көбейді. Ата-аналардың бір бөлігі мемлекеттік мектепке қанағаттанбай, баласын ақылы білім беретін оқу орындарына беруді жөн санаған. Ал енді бірі «мұндай мектептерге тек қалталы адамдардың балалары барады» деп ойлайды. Жалпы, жекеменшік мектеп білім саласына қалай әсер етіп жатыр?

А Көктем ҚАРҚЫН

Қазір Қазақстанда 744 жекеменшік мектеп жұмыс істейді. Онда 300 мыңға жуық оқушы білім алып, 50 мыңға тарта мұғалім еңбек етіп жүр. Бұл аз көрсеткіш емес. Себебі елімізде әлі күнге дейін 150-ге жуық үш ауысымды және 250-ге жуық апатты мектеп бар. Білім сапасын жақсарту үшін әрбір мектептің бір ауысыммен жұмыс істеуі, сыныптағы оқушы санының шектеулі болуы аса маңызды. Осындай жағдайда жекеменшік мектептердің атқарып отырған рөлі зор.

ОҢТҮСТІКТЕГІ ДИРЕКТОРЛАР НЕГЕ АШУЛЫ?

Естеріңізде болса, 2018 жылдан бастап жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру мүмкіндігі заңды түрде бекітілді. Осылайша, кейбір ата-аналар миллиондап ақша төлемей-ақ, жекеменшік мектептерде баласын тегін оқытып жүр. Ал мемлекет тарапынан балаларды жекеменшік мектепте оқытуға арнайы субсидия бөлінеді. Бірақ биыл «Қаржы орталығының» бұл ақшаны кешіктіруіне байланысты жекеменшік мектептегі мұғалімдер еңбекақысын уақтылы ала алмай, біраз шу болды. Әсіресе, халық тығыз орналасқан Шымкент қаласында жекеменшік мектеп директорларының айтуынша, өздері басқарып отырған білім ошақтарының қазіргі жай-күйі дабыл қағарлық жағдайда екен. Өйткені ата-аналардан қосымша қаражат алмай, тек мемлекеттік тапсырыс есебінен жұмыс істейтін мектептер банкрот болудың сәл-ақ алдында тұр. Ең басты кедергі — мемлекеттік қаржыландыру өз деңгейінде жүргізілмеуінде. Көптеген мектеп 2023-2024 оқу жылына арналған қаржыландыруды күні бүгінге дейін толығымен алмаған. Бүгінде мемлекеттің жекеменшік мектептерге берешегі 80 млрд теңгеге жетіп отыр. Соның салдарынан білім ошақтары мұғалімдердің жалақысы, коммуналдық қызметтер, салық төлемдері алдында қарыз болып қалады.

ТЫНЫС

Елордада «Жұмысшы мамандықтар жылы – 2025» аясында Astana Polytechnic колледжі — нағыз мамандар шығатын уя. Елдің жетекші техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының бірі саналатын оқу орны IT, мехатроника, киберқауіпсіздік, телекоммуникация және құрылыс технологиялары бойынша жаңа буын мамандарын даярлаудағы үздік тәжірибесімен танымал.

А Әсет ҚАЛИ

Astana Polytechnic — білім мен өндірісті ұштастырған заманауи орталық. Колледждің басты ерекшеліктерінің бірі — әлемдік деңгейдегі серіктестік. Мұнда TP-Link, GROHE, FESTO, Knauf, Технониколь, ALINA, IC және Cisco компанияларының жабдықтарымен жабдықталған ресурстық орталықтар жұмыс істейді. Студенттер IT, құрылыс және сервис салалары бойынша халықаралық сертификаттарға ие болып, оқу барысында 7-ге дейін кәсіби құжат алу мүмкіндігіне ие. Сонымен қатар дуалды оқыту жүйесі енгізілген. Жастар ірі кәсіпорындарда тәжірибе жинап, еңбек нарығында сұранысқа ие маман ретінде қалыптасады. Колледж қабырғасынан талай WorldSkills чемпиондары да шыққан. Astana Polytechnic колледжі қазір біршама жетістікке жетіп елімізде үздік колледждердің қатарына кіріп отыр. Атап айтсақ, бұл колледж Қазақстан колледждерінің ТОП-10 қатарына енген; 11 мамандық бойынша 2 000-нан астам студентті қамтиды; 7 заманауи ресурстық орталық жұмыс істейді; 10-нан астам халықаралық білім беру жобаларын жүзеге асыруда және WorldSkills чемпионаттарында үздік нәтиже көрсетіп, жетекші компаниялардан тұрақты ұсыныстар алып отыр. Колледждің материалдық-техникалық базасы мен оқу бағдарламалары еңбек нарығы талаптарына сай жыл сайын жанартылып отырады. — Біздің колледждің 30 жылдық тарихы бар. Қазір 2 000-нан астам студентіміз 11 мамандық бойынша білім алуда. Оқыту дуалды негізде жүргізіледі: 40 пайыз теория болса, 60 пайызы әлеуметтік серіктестердің базасында практикалық оқудан тұрады. Осы тәжірибеден кейін студенттер сол кәсіпорындарда бірден жұмысқа орналасуға мүмкіндік алады. Бізде құрылыс мамандығы бойынша BI Group, SAT&S, интерьер дизайны саласында «Атамекен» мемориалдық саябағы, қонақүй бизнесі бойынша — Hilton, St.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕП: ТАРҚАМАҒАН ТҮЙІН КӨП



Елар ҚАБА (қолжазба)

— «Қаржы орталығы» АҚ оператор ретінде жекеменшік мектептермен оқушылардың санына қарай жан басына шаққандағы қаржыландыруын жүзеге асыруға келісімшартқа тұрған. Алайда былтыр жана оқу жылынан бастап қаржыландыру нашар. Мәселен, мектептен шыққан оқушыны есепке алып, төлем жүргізуін бірден тоқтатса, ал жанадан қабылданған балаға қаржы бөлінбейді. Мемлекет жекеменшік мектептерді 9 ай ғана қаржыландырады. Бұл ұстаздардың жаздық сауықтыру ақысы мен кезекті еңбек демалысының шығындарын жаба алмайды. Оқушыларға тегін оқулық кітаптар берілмейді. Ұстаздардың біліктілігін арттыру курстары қамтамасыз етілмеген. Әлеуметтік осал топтағы отбасы балалары мемлекеттік білім ошақтарында алатын мектеп формасын жекеменшік мектептерде ала алмайды, — деп Шымкенттік директорлар Мәжіліс депутаттарына жан айқайын жеткізді.

Қазір Оңтүстік өңір мен ірі қалаларда үш ауысымды оқу мәселесі оң шешімін таба бастаған. Бұл — министрліктің мемлекеттік тапсырыспен жан басына қаржыландыруды енгізген мақсатты саясатының нәтижесі. Бір ғана Шымкенттің өзінде 2023 жылы жеке кәсіпкерлердің күшімен 46 жекеменшік білім ошағы пайдаланылуға берілді. Соның нәтижесінде қаладағы 586 мың оқушының 132 мыңы жекеменшік мектептен білім алуда. Бірақ жекеменшік мектептерге мемлекеттің қолдауы азаятын болса, ондағы оқушылар мен

мұғалімдердің жағдайы не болмақ? Бұл мәселе уақытша шешімін тапқанымен болашақта қайталабайтынына кім кепіл?

ОҚУЛЫҚ ЖЕКЕМЕНШІККЕ ЖЕТПЕЙДІ

Ата-аналардың жекеменшік мектепті таңдауына бірнеше фактор әсер етеді. Бірінші, әдетте мемлекеттік мектептерде бір сыныптан 30-40 бала отырса, жекеменшікте 15-20 шамасында ғана болады. Бұл — әр балаға жеке көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Екінші, көптеген жекеменшік мектеп Cambridge, IB (International Baccalaureate) секілді халықаралық бағдарламаларды ұсынады. Үшінші, заманауи сыныптар, спорт залдар, зертханалар — оқушылардың қызығушылығын оятады. Сондай-ақ ағылшын тіліне ерекше мән беріледі, кейде қосымша қытай немесе француз тілдері де оқытылады.

— Жекеменшік мектепте әр баланың деңгейіне қарай жеке көңіл бөлінеді. Ал мемлекеттік мектепте бала стандартты білім алады. Бір тақырыпты түсінбей қалды екен деп ешкім балаға қайта айналып түсіндірмейді. Жекеменшікте оқушы 4 уақыт тамақ ішеді. Түске дейін білім беру бағдарламасы бойынша сабақ оқыса, түстен кейін әртүрлі үйірмеге қатысып, түсінбеген сабағын пысықтайды. Балаға да, ата-анаға да ыңғайлы, — дейді Bolashak Kemenger жекеменшік мектебінің директоры Ләйлә Көккөзова.

Оның айтуынша, қыста жекеменшік мектептерді бірнеше ай қатарынан мемлекет қаржыландырмады. Бірақ құрылтайшылардың араласуымен бұл мәселе шешілді. Кешіктіріліп болса да, мұғалімдер жалақысын алды.


— Ай сайын қаржы орталығы тиісті қаржыны бөліп отырса бізге де жақсы. Өйткені біз солар берген ақшамен мұғалімнің айлығын, оқушының тамағын ажыратамыз. Қазір жекеменшік мектеп көп ашылып жатыр. Мемлекеттік мектепке оқулық берілгені сияқты, жекеге де кітап берсе дейміз. Өйткені жекеменшік мектепте кітап қоры жоқ. Ата-ананың тарапынан ғана қаржыландырып, кітап аламыз, — дейді Ләйлә Көккөзова.

Ата-ана таңдау жасағанда сапалы білімге және оқу бағасына көңіл бөлетіні сөзсіз. Еліміздегі жекеменшік мектептер ұсынатын баға диапазоны әртүрлі. Аймақтық жерде айлық оқу құны 50 000 теңгеден басталып, Алматы, Астана мегаполистерінде 1 миллион теңгеден асып жығылады. Оқу ақысы жөніндегі рейтингте бірінші орынды Астана қаласында орналасқан QSI халықаралық мектебі иеленіп отыр. Мұнда 1-сыныптан 12-сыныпқа дейін оқу ақысы бірдей, жылына 26 000 АҚШ доллары, айына орта есеппен 1,28 млн теңгеден. Оқу тек ағылшын тілінде жүргізіледі. Халықаралық деп аты айтып тұрғандай, негізінен елімізде жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың, дипломаттардың балаларына арналған мектеп. Дегенмен мұнда Қазақстан азаматтарының да балалары білім алады. Бала саны да шағын, 300-ден асады. Екінші орында Алматы қаласында орналасқан халықаралық QSI мектебі тұр. Мұндағы оқу ақысы, елордадағыдан арзан, айына орта есеппен 1,08 млн теңгеден. Оқушы саны — 450. Рейтингіте үшінші орынды Haileybury Almaty және Haileybury Astana мектептері иеленген. Екі мектептің бір орында орналасу себебі — екі мектепте білім беру құны бірдей. Мұнда дайындық сыныбынан бастап 13-сыныпқа дейін білім беріледі. Сондықтан оқу ақысы сыныптарға қарай бөлініп отырады. Мысалы, дайындық сыныбы жылына 5,6 млн теңге, 3-6-сынып оқушылары үшін 9,7 млн теңге, 10-13-сыныптар үшін 12,6 млн теңге. Орта есеппен оқу ақысы айына бір бала үшін шамамен — 1 млн теңге.

МЫҚТЫ МҰҒАЛІМДЕР ЖЕКЕМЕНШІКТІ ТАҢДАҒАН

Astana Garden School инновациялық мектебінің негізін қалаушы Нұрмұхамед

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРҒА — ЖАҢА ДЕМ



— Сондай-ақ біз WorldSkills бағдарламасына қатысып келеміз. Қозғалтқыш пен редукторға техникалық қызмет көрсету, кузов жұмыстары бойынша да жігіттеріміз жақсы нәтижелерге жетіп жүр.

Біздің оқыту жүйеміз шамамен 30% теория мен 70% тәжірибеден тұрады. Алғашқы курста жалпы мектеп пәндері оқытылса, кейін арнайы пәндерге көшеміз. Арнайы білім алған соң студенттер моторларды бөлшектеп-жинауды, диагностика жасауды меңгереді. Қазір жана бағыттарға да назар аударып отырмыз. Мысалы, электромобильдер. Колледжімізге арнайы Nissan Leaf көлігі алынды. Жастар оны тәжірибеде қолданып, электромобиль құрылысын түсінуге мүмкіндік алды. Сонымен қатар Allur Auto компаниясымен және электроавтобустар паркімен жұмыс істейміз. Біздің студенттер сол жерде де практикалық дайындықтан өтіп, кейін жұмысқа орналасады, — дейді оқытушы.

Astana Polytechnic колледжіндегі директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары Керимов Самир Перевичтың айтуынша, бүгінгі студенттер тек теориямен шектелмей, өндірістік процестерді нөлден бастап үйреніп жүр.

Біз кез келген өнімге каскадпен тапсырыс бергенді ұнатамыз. Мысалы, қосымша арқылы қымыз өндіруге тапсырыс беруге болады. Қолданбаға кіріп, қажетті өнімді таңдаймыз. Қымыздың қызыл, қара және күміс түрлері бар. Тапсырыс берілген соң, жүйе автоматты түрде қажетті бөтелкені таңдайды, қақпағын жабады және дайын өнімді жеткізуге жібереді. Мұның бәрі адамның араласуынсыз іске асады. Бұл тәсіл кез келген салада қолданылуы мүмкін: цемент қаптау, азық-түлік өндірісі, тіпті автокөлік бөлшектерін жасау. Ең бастысы технологиялық тізбекті қалай құрас-тыруды меңгеру.

Оқу орнына түсу үшін техникалық сауаттылық артық етпейді. Дегенмен бастысы — үйренуге деген ынта. «Барлығы

Досыбаевтың пікірінше, жыл сайын шамамен жекеменшік мектептерге 200 миллиард теңге көлемінде қаржыландыру бөлінеді. Қазір мықты мұғалімдер жекеменшік халықаралық мектептерге ауысып жатыр. Себебі ол жакта жұмыс істеу ұстаздарға қолайлы. Мемлекеттік мектептердің ішінде де сапалы кадрлар НЗМ, БИЛ, РФММ сияқты мамандандырылған мектептерде. Ал орта білім беретін мектептердегі мамандардың жағдайы мәз емес.

— Мұны мұғалімдердің біліктілік тестінің нәтижесінде айтып отырмын. Ешкім ренжімес. Екінші, ҰБТ, олимпиада нәтижелері де осы сөзімді растап отыр. Мемлекеттік мектептегі білім сапасы жылдан-жылға төмен түсуде. Керісінше, мамандандырылған, соңғы жылдары ашылған жекеменшік, халықаралық мектептердің білім сапасы көрінуде. Бұл жерде, бизнес үшін ашылған жекеменшік мектептерді емес, ұзақ мерзімді жоспармен ашылған мектептерді айтып отырмын, — дейді Нұрмұхамед Досыбаев.

Оның айтуынша, мемлекеттік мектептердегі мамандарға қолайлы жағдай жасап, олардың өсуіне мүмкіндік беру керек. Қазір бұл бағыттағы көрініс мәз емес. Жалпы, мектепте әр деңгейдегі оқушы оқитындықтан олармен жұмыс істеу де қиын. Сондықтан мықты мамандар қай жерде жұмыс істеу қолайлы болса, сонда шоғырлануда.

Қазір мемлекет жекеменшік мектептерге жақсы қолдау білдіріп келе жатыр. Тек аяқастынан жаңа ереже бекітпеуі керек. Қазақстанда жалға алынған ғимаратта мектеп ретінде жұмыс істеп жатқан 40 пайыз жекеменшік мектеп бар. Бұл шамамен 350 мектеп. Солардың барлығын бірдей жабу қате деп ойлаймын. Сапасы төмен мектепті ғана тексеріп, арнайы талап қою керек. Ал жалға алған ғимараттың бәрі нашар деу негізсіз болады. Мемлекет тарапынан осындай қолдау жасап, салықтан босатса жақсы болар еді. Өзбекстанда айлықтың үстінен төленетін салық 10 пайыз ғана, ал Дубайда мұндай салық жоқ. Қазақстанда 30-35 пайыз. Бұл жұмыс берушілерге ауыр. 2026 жылдан бастап 5 пайыз корпоративтік табыс салығын енгізіп жатыр. 2027 жылы 10 пайыз болады екен. Оны да азайту керек. Осындай қолдау жасалса, жекеменшік секторға инвестиция да келуі тоқтамаса еді. Еліміздегі білім сапасының артуына бұл үлкен қолдау. Кейін бюджетте ақша көбейіп, мемлекеттік мектептердегі жағдай жақсарғанда мықты ұстаздардың жалпы мектепке қайта оралатыны анық, — дейді Нұрмұхаммед Досыбаев.

Жекеменшік мектептердің көбеюі білім беру саласындағы бәсекені арттырады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік мектептердің дамуына түрткі болуы мүмкін. Дегенмен басты мәселе — сапалы білім тек ақшасы барларға ғана бұйырмауы керек. Себебі білім — баршаға ортақ құндылық.

нөлден басталады. Біз қажетті дағдыларды үйретеміз. Тек студент компьютермен аздап таныс болса жеткілікті. Өйткені бүгінде бағдарламалаусыз ешбір мамандық жоқ», — дейді ол.

БОЛАШАҚ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Astana Polytechnic колледжінде көптеген қызықты мамандық бар. Солардың бірі автомеханик мамандығы. Еңбек нарығында өлмейтін, жақсы бағаланатын осы мамандықта Рахметолла Ерасыл өз білімін шыңдап жатыр. Қазір ол көлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу мамандығы бойынша үшінші курста оқып жүр. Ерасыл бүгінде Hyundai Premium Astana компаниясында тағылымдамадан өтіп жатыр. Айтуынша, оқуда алған білімнің барлығы тәжірибеде толық қолданысқа ие.

— Біз қозғалтқыштарды, редукторларды бөлшектеп, қайта құрастырамыз. Ал білмегенімізді тәжірибе барысында үйренеміз. Ол жерде бізге бәрін жан-жақты түсіндіріп, көрсетеді. Маған қозғалтқыштар мен редукторларды бөлшектеу ұнайды. Осы салаға бала кезден әуеспін. Арманым да автомеханик болу еді. Қазір сол арманым орындалып жатыр, — дейді Ерасыл.

Колледждегі зертханалар да студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға мүмкіндік береді. Мұнда электроника, іштен жанатын қозғалтқыштар, дизельдік және бензин қозғалтқыштары, сактандырғыш блоктары, фаралар, қауіпсіздік жастықтары мен шасси бар. Осындай тәжірибелік база болашақ мамандарды нақты өндірістік жағдайға дайындайды.

— Біз алдымен оқу орнымыздағы шеберханада мотор қозғалтқыштарымен, түрлі датчик пен құрылғының жұмыс істеу принципін үйренеміз. Әр бөлшекті толықтай менгеріп, оның ақауларын анықтауды да тәжірибеде көреміз. Яғни, тек теория емес, іс жүзінде қолмен істеп көреміз. Белгілі бір нәтижеге жеткеннен кейін ғана бізді автоорталықтарға жіберіп, ондағы мамандардың қасында үйренуге мүмкіндік береді. Бұл біз үшін үлкен тәжірибе әрі болашақта жұмысқа тұрған кезде дайындық ретінде маңызды, — дейді автокөлікке техникалық қызмет көрсету мамандығының 3-курсе студенті Рустамбеков Нұрлыбек.

Қорыта келгенде, колледж ұсынып отырған мамандықтардан ертенгі күннің болашағын жасайтын мықты мамандар шығатынына көміл сенеміз. Бүгінде бағдарламалау, автокөлікке техникалық қызмет көрсету, заманауи құрылғыларды менгеру сияқты бағыттар кез келген салада аса қажет. Сондықтан білім ордасы тек кәсіби дағды беріп қана қоймай, еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлайтын маңызды мекеме болып отыр.

ТҰЛҒА

19 ТАМЫЗ | СЕЙСЕНБІ

Базылхан Бұқатұлы — белгілі алтаист ғалым, түріктанушы, қазақ, моңғол тілінің маманы, қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи зерттеуінің тұңғыш негізін салушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Моңғолтану одағының мүшесі, Моңғолия Ғылым академиясының бірінші дәрежелі сыйлығының иегері, Моңғолияның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Ғалым Моңғолия Ғылым академиясында 1969-1983 жылдары аралығында «Моңғолия көне түрік бігіктастары мен мәтіндері» жобасына жетекшілік еткен.

Базылхан Бұқатұлы 1932 жылы Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы Цэнгэл сұмыны Қак көл («Хаг нуур») деген жерде туған, 2012 жылы Баян-Өлгий аймағы Өлгий қаласында дүниеден озған.

Қазақ, моңғол тілдерін тарихи-салыстырмалы бағытта ғылыми зерттеуді Базылхан Бұқатұлы 1958 жылы бастаған болатын. Ғалым «Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы (қысқаша курс)» атты алғашқы ғылыми қорытынды еңбегін, Моңғолия Баян-Өлгий аймағының Өлгий қаласында 1973 жылы жариялайды. Оған дейін әлемдік алтаистика, түріктану мен моңғолтану саласында осы екі тілдің мұндай тарихи-салыстырмалы грамматикасы бұрын-соңды жарияланбаған еді. Алтаистикада түрік, моңғол тілдері «туыс, төркіндес тілдер» және «туыс емес тілдер», «сөздік қоры ауыс-түйістен ұқсас сипат алған» деген көпжылдық даулы ғылыми мәселе шешімін таппай келген, ал екі тілдік жетік менгерген моңғолиялық жас қазақ ғалымы Базылхан Бұқатұлы сол күрделі мәселеге былай деп түйін жасап, жана қағидатын ұсынады: «Қазіргі моңғол, қазақ тілдеріндегі 40 000 сөз мөлшері бойынша жасаған менің есебімше, 1 500-нан астам байырғы түбір-негіз сөздер, сол түбір-негізден қосымша морфемалар арқылы жаңғырығып өнетін сөздер 24 000-нан асатыны байқалды. Енді сол ортақ сөздерді ашалап айта-лық», — деп моңғол, қазақ тілдерінің лексикалық қатынасы, морфологиялық қатынасы, ортақ төркіндес жұрнақтар, көптік, тәуелділік, септік, есімдік, сан есім категорияларының ортақтығы мен төркіндестік заңдылықтарын көрсетіп, бір баба тілден өрбіген туыс тілдер деп қорытындылады.

Көп ұзамай, Базылхан Бұқатұлы «Моңғол және қазақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» тақырыбында жарияланған ғылыми еңбектердің баяндамасымен 1974 жылы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Ғылым академиясы Тіл білімі институтында филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін табысты қорғап шықты. Оның ғылыми жетекшілері А.Лувсандэндэв, Ә.Қайдаров, ал ресми оппонеттері академик Бямбын Ринчен, Г.Санжеев, Ш.Сарыбаев, Н.Оралбаева болды.

Базылхан Бұқатұлы 1993 жылы Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынов атындағы Тіл білім институтында «Моңғолиядағы қазақтардың тілі және оның кейбір алтай тілдеріне қатысы» тақырыбында баспадан шыққан еңбектері негізінде «Филология ғылымдарының докторы» атағын қорғады.

Ғалым Базылхан Бұқатұлы 1958-1999 жылдары 40 жыл бойында зерттеу жүргізген қазақ, моңғол тілдерінің диахрондық-синхрондық салыстырмалы грамматикасының (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық, синтаксистік сәйкестіктері мен айырмашылықтарының) ғылыми нәтижелерін қорытындылап, 1999 жылы «Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Фонетика», 2000 жылы Қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы тарихи грамматикасы. Морфология» атты іргелі ғылыми зерттеулерін Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігінің ұсынысымен 1999 және 2000 жылы жарыққа шығарды.

Сөйтіп, қазақ және моңғол тілдері туыстық, төркіндестік жағынан шығу тегі бір, ортақ екендігі нақты тілдік деректермен толық дәлелденді. Осы зерттеулері негізінде Б.Базылхан көп жылдар бойы түрік, моңғол, манжұ-түңғыс, жапон, корей тілдерін салыстырмалы диахрондық-синхрондық әдістері бойынша зерттеп, Алтай төркіндес тілдердің арғы тек тілдің алғашқы элементі және оның сатылы кезендері туралы Алтаистикада жана ғылыми теориялық тұжырымдаманы жасап ұсынды.

Базылхан Бұқатұлы — «Алтайлық тектілердің ортақтығы (АТО)» жана теориялық тұжырымдамасының нәтижесінде дүниежүзілік әйгілі алтаистердің қатарына көтерілген тұңғыш қазақ ғалымы болды. Ол бар саналы өмірін тіл біліміне арнаған майталман маман, қажырлы қайраткер, табанды санаткер еді. Ғалымның теориялық еңбектері Америка, Қытай, Жапония, Ресей секілді елдерде жарық көріп, зерттеушілер тарапынан зор құрметке ие болды. Ол туралы Ц.Дамдинсүрэн, Н.Баскаков, Т.Санжеев, Хуа, Е.Жанпейсов, Дж.Крюгер секілді белгілі ғалымдар салмақты пікір білдірген болатын.



АЛТАЙТАНУ АЛЫБЫ

Әлемдік ғылымда түрік-моңғол тілдерінің, соның ішінде қазақ пен моңғол тілдерінің тарихи байланыс мәселесі ұзақ жылдар бойы шешілмей келген болатын. Бұл саланы нысан еткен алтайтану ғылымының шоқтықты тұлғалары қойы қоралас, елі аралас, ежелден көршілес көшпелі екі халықтың тілдеріндегі ұқсастықтар сырына өз топшылауы бойынша пікір білдіретін: бірі Шыңғыс қаған шапқыншылығынан кейін түрік тілі моңғолданған десе, келесі бір топ Түрік қағандығы заманында моңғол тілі түріктенген дейтін. Әркім өз көзқарасына қарай тартып, туыстас тілдің ғасырлар қойнауында қалыптасқан терең тамырына емес, бұтағына, бүріне жармасатын. Бұл шешімін таппай келген, қазірге дейін өзектілігі артып отырған түйткілі, түйіншегі мол ғылыми зерттеудің кілтпапаны көне түрік-моңғол тілдерінің тарихын, жазба мәдениетін, сөздік қорын жетік білетін маман ғана шешуге тиіс болатын. Бүгінгі мақала – сол баба тіл дәуірінен бастау алған шиырлы байланыстардың құпиясын шешкен, аса көрнекті тіл маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Базылхан Бұқатұлының ғылыми мұрасы турасында.

Профессор Базылхан Бұқатұлы арғы төркінгі ғасырлар қойнауына кететін қазақ пен моңғол тілінің салыстырмалы тарихына тыңнан түрен салып ұзақ жылдар бойы зерттеген, кеңірек айтқанда түрік-моңғол тілдерінің туыстық тамырын ғылыми тұрғыдан шынайы тексерген бірден бір алтаист ғалым еді. Оның 30 мыңға жуық тілдік бірлік қамтылған «Қазақша-моңғолша сөздік» еңбегі 1977 жылы Алматыда, 40 мыңнан астам сөз қамтыған «Моңғолша-қазақша сөздігі» Өлгий қаласында 1984 жылы жарық көруі — жанкешті ғалымның ұзақ жылғы төгілген терінің жемісі ғана емес, тілтану ғылымына қосылған сүбелі үлес болатын.

Алайда сол уақыттан бері бүгінге дейін аталмыш сөздіктің толықтырылып өңделген көлемді жана сөздігі жасалынбай келген еді. Осы талапты ескеріп, әке аманатын орындаған ғалымның шәкірті, түріктанушы ғалым Базылхан Напил тарапынан аталмыш қос сөздік толықтырылып, өңделінген көлемде 2024 жылы Ұланбатырда қайта жариялануы тіл білімі саласында ірі оқиға болды.

Аталмыш сөздіктерді авторлар Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтында «Қазақша-моңғолша сөздік» (Қазақ-монғол толь), «Моңғолша-қазақша сөздік» (Монгол-казах толь) академиялық іргелі ғылыми зерттеу жобалары аясында, екі еларалық келісімшарттар негізінде 1993-1999 жылдары жасай бастаған еді. Содан бері әлемде саяси-экономикалық елеулі өзгерістер орын алып, қоғам өмірінің түбегейлі жанаруына байланысты жана тілдік қолданыстар лек-легімен пайда болу себепті сөздіктерді жетілдіру, толықтыру, жаңалау істері ауқымды сипатқа ие болып толассыз жалғасты. Кыскасы, «Қазақша-моңғолша сөздік», «Моңғолша-қазақша сөздіктін» екінші 2024 жылғы осы соңғы басылымында Қазақстан, Моңғолияда жанадан пайда болған атаулар,

жазуынан» бастап қазақ сөзінің кеніші болған М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына дейінгі ұлы мұралардағы сөздік қорға салыстырмалы зерттеу жасап, әрбір сөздің тарихына, шығу тегіне үніліп, моңғолшаға аударып, бай тіл казынамыздың әр сөзіне іңкәр болған қазақ.

Сонау, 1961 жылы, Ұланбатыр қаласында Моңғолия Мемлекеттік университетін үздік бітірген жас маман Базылхан Бұқатұлы социалистік деп аталатын елдерде сталиндік ызғарлы саяси салқыны сәл өзгерген, «жылымық жылдар» деп аталатын мезгілде Моңғолия Ғылым академиясының табалдырығын аттаған болатын. Ғалым Күлтегін, Тоныкөк мұрасы, «Бақатастағы көне түрік жазуы», «Тәркідегі көне түрік жазуы», «Өвөр дөрвөлжідегі көне түрік жазуы» секілді ержүрек бабаларымыздың қисапсыз уыз мұралары бәдізделген ен даладағы кешендерді зерттеу жұмысын бастаған еді.

Базылхан Бұқатұлы: «Моңғол-қазақ тілдерінің сөздік қорына үніліп, мұқият қорытынды жасағанда: Егер қазіргі қазақ тілінің негізгі сөздік қорынан араб, парсы

секілді шеттен кірген сөздерді, ал моңғол тілінің негізгі сөздік қорынан санскрит, түбіт, қытай сияқты шеттен кірген кірме сөздерді есептемесек, онда моңғол, қазақ тілдерінің екеуіне де ортақ негізгі ұйтқы сөздер ғана қалады... Қазіргі моңғол, қазақ тілдеріндегі қырық мың сөз мөлшері бойынша жасаған менің есебімше; мың жарымнан астам (1 580) байырғы түбір сөз, сол түбірден қосымша морфемалар арқылы жаңғырып өнетін жиырма төрт мыңнан (24 000) астам туынды сөз бар. Бұл ортақ сөздер мағына жағынан, дыбыстық, тұлғалық жағынан бірден танылады да, ал мың төрт жүз жиырмадай (1 420) түбірден өнетін он екі мыңдай (12 000) туынды сөз дыбыстық, тұлғалық жағынан танылмайтай өзгеше болып кеткен. Мысалы, қазіргі қазақ тіліндегі «жадағай, шалма, сылтау, қара, таға» сөздері, көне моңғол тілінде «жадағай, сылтақ, қара, тақа» тұлғасында, қазіргі моңғол тілінде



Базылхан Бұқатұлы – «Алтайлық тектілердің ортақтығы (АТО)» жаңа теориялық тұжырымдамасының нәтижесінде дүниежүзілік әйгілі алтаистердің қатарына көтерілген тұңғыш қазақ ғалымы болды.

«задгай, цалам, шалтаг, хар, тах» тұлғасында кездеседі. Мұндай ортақ сөздердің төркіндестігі бірден ажыратылады. Ал қазіргі қазақ тіліндегі «арша, аша, буаз» сөздері қазіргі моңғол тілінде «арц, ац, боос» тұлғасында кездеседі. Мұндай ортақ сөздерді бірден ажыратып тану онайға соқпайды. Мәселен, соңғы үш сөз көне моңғол тілінде «арча, аша, боғас» тұлғасында болуы — көне моңғол тіліндегі сөздердің дыбыстық, тұлғалық жағы қазіргі қазақ тіліне сәйкес болғанын куәлейді... Қытай деректеріне қарағанда, біздің заманымыздан бұрынғы 3000 жылдың алдында Орталық Азия мен қытайдың солтүстік жағында түрік, моңғол тілдес көшпелі тайпалар көршілес мекен еткені жөнінде мәліметтер бар. Ол кездегі түрік, моңғол көшпелі тайпаларының әлеуметтік-экономикалық өмірі ортақ желілес болды. Бұл ортақ желілестік түрік, моңғол тілдерінде негізгі сөздік қордың ортақ болуына әкеп соқтырды», — деп жазады.

Білікті ғалымның бұл тұжырымдарын оқыған кезде Мағжан ақынның өлені еске оралады:

*«Жарық көрмей жатсаң да,
ұзақ кен тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Таралған түрік балаларын бауырыңа,
Ақ қолыңмен тарта аларсың, сен тілім...
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ
қалған жоқ па?»*

Өленде Мағжан ақынның сәуегейлікпен айтқан уәждерін көз майын сарқып, қажырлы күреспен, дәлелдермен дәйектеп ақиқатқа айналдырған, көреген ғалымның жігер-қайратына бас иесің!

Қазақ ғалымы Е.Жанпейсов Базылхан Бұқатұлы туралы «Оның тек «Моңғолдағы қазақтардың тілі» атты монографиясына ғана докторлық атак беруге әбден татиды» деп келіп, пікірін былайша өрбітеді: «Көне

түркі жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық құрылымы» атты еңбегінде ғалым көне Орхон-Енисей жазба ескерткіштері сөзінің құрылысын талдап, барлық түркі тілдері мен диалектілерінде кездесетін 3 200-дей түбір сөз бар екендігін айқын дәлелдеген. Осы түбір сөздер алтайлық тектілерді салыстырмалы зерттеуде лексикалық және морфологиялық жағынан күнгірт, даулы мәселелерді шешуге аса құнды тілдік материал бола алады... Соңғы жүз жыл ішінде (1892-1992) Орхон-Енисей түркі жазбалары тілінің сөз құрылысын ғалымдар осылайша талдап, дәл есеп жасамаған еді. Сондықтан да бұл монографиядағы жана ғылыми ой ұсыныстары түркология ғалымдарының назарын аударарлық аса бағалы зерттеу болған».

Базылхан Бұқатұлының жинаған этнографиялық мұралары 1200 бет шамасында бар. Біраз бөлігі «Қазақтану» журналында жарияланды. Ғалымның бұл саладағы деректерін жариялау — алдағы күннің еншісі.

«Үлгі тұтқан ұстазыңыз кім болды?» деген кезекті сауалға Базылхан Бұқатұлы «Моңғолдың әйгілі академигі Ринчен» деп жауап берген еді. Ғұлама ғалым студенті Базылхан Бұқатұлы Орхон-Енисей жазуына ынталы екенін сынап біліп, «бәрекелді, ат болатын құлын шашасынан ұстатады деген осы!» деп ақ батасын берсе керек.

Базылхан Бұқатұлы өмірі мен шығармашылығы теп-тегіс даңғыл жолда өтті десек жансақ болар еді. Архивтік деректерге қарағанда, өзін аяқтан шалғысы келгендермен мылтықсыз майдандарға түссе де айбынды ұстаздары Б.Ринчен, Ц.Дамдинсүрэндердің қолдауымен қайсарлықпен жеңіске жетіп отырған. Айталық, 1964 жылы Моңғолия Ғылым Академиясы Тіл-әдебиет институтында академик Ц.Дамдинсүрэннің ұлтшылдығын әшкерелеген бір жынды ол өзіне жабылған жалаларға соққы бере отырып, бұл тұрпайы сынның кесірі жас ғалымдарға да тигенін атай келе «Ортамызда шетқақпай көріп бір қазақ қалды. Бұл — жас ғалым Базылхан. Базылхан — ғылыммен жақсы шұғылданатын, біраз мақала, зерттеу кітап жазған дарынды жігіт. Хорлоо директоры Базылханды жұмыстан себепсіз қуып, оны қайтадан жұмысқа алам деп өтірік алдап, Баян-Өлгийден өз қаражатына мұнда келтірді, ақыры сөзбұйдаға салды. Осылайша, мысық мен тышқан ойының ойнауды Хорлоо ерлік санай ма?!».

Академик Ц.Дамдинсүрэн өзінің бір күнделігінде: «Жас дарынды ғалым Базылханға жасаған қиянат моңғол ғылымының болшағанына салынған тұсаумен тең», — деп пікір білдіреді.

Алайда өмірдің бұралаң соқпағында тасала тұрып тас атушылар бар болғанымен мандайынан сипап, қолтығынан демейтін

жанашыр арыс ағалардың да бар екендігіне риза боласың. Моңғол руханиятының көшбасшысы, абыз ғалым Б.Ринчен 1967 жылы 29 қантарда сүйікті шәкіртіне жазған бір хатта: «Мен өткен жылы желтоқсанда Польшаға барып, Варшава, Краков қаласында болып келдім. Польшада түріктанушы академик Ананиаш Зайончковский деген ақсақал ғалымға кездесіп, әңгімелесіп, қайтып оралған соң сені Польшаға түркология саласына оқуға жіберсе дұрыс деп, бұл туралы Хорлоо, Ширэндэв, Цэрэв үшеуіне айтып көрдім... Не де болса Базылханым түріктануға өміріңді арнайыңынды айтып, Академияның президумына бір өтініш жазсаң... Сен үнсіз болғандықтан мен мұнда жалғыз бітіре алмай тұрмын. Балам, бір амал ойлап көрші. Цэрэв биыл ақпанда Польшаға бармақ, сол кезде Базылханды Польша академиясына оқуға кіргізуге келіс деп ұдайы айтып жүрмін. Хорлооға да сені ғылым үйренуге зейіні бар азамат. Мемлекет мүддесі үшін осындай дарынды жасты оқуға жіберген маңызды деп айтып жүрмін... Өз тарапынан өтініш келтір... Тілектес достарыңмен де ақыл қосып көрші, балам», — деп жазады.

Базылхан Бұқатұлы Алтай тауында туып, Алтай тауында дүниеден озды, Алтаистика ғылымында олжа салып, түрік моңғол тілдерінің арасына алтын көпір салды, Алтайдай айдынды да айбарлы тұлға айналды. Бабалар салған соқпақтың сорабы үндес, аналар еккен бәйтеректің тамыры тіндес, түрік-моңғол елінің түптөркіні желілес екенін әйгілеген біртуар ғалымның іргелі ғылыми еңбектерінің алтын арқауы — ағайын халықтардың достығы мен тұтастығы.

Акеділ ТОЙШАНҰЛЫ,

Түркі академиясы сарапшысы, филология ғылымдарының кандидаты



Қызылорда облысы Арал ауданына қарасты Жақсықылыш кентіндегі іргелі «Аралтұз» кәсіпорнының басы даудан арылмай қойды. Сәт сайын кен орнындағы келеңсіздіктер тұрғылықты халықтың ашу-ызасын туғызып тұр. Оның ішінде жалақы төңірегіндегі жырдан бастап, кен орнын игеруге қатысты бірқатар былықтың бетін ашқан кәсіпорын жұмысшылары басты талаптарының әлі күнге дейін ескерусіз қалып тұрғанына ашынады.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жалпы, «Аралдың ақ алтыны» аталған тұз өндірісінің тарихы тереңнен басталады. Ең алғаш тұз өндіру ісі теңізді өңірде 1925 жылы қолға алына бастайды. Нақты айтқанда, бұл кәсіпорын ең алғаш сол жылы тұз қазатын «Соль» артелі ретінде құрылады. 1927 жылы Сольтрес кәсіпорны болып жасақталады. Кейіннен 1958 жылы Сульфатпен қосылып, «Аралсульфат» деген атауға ие болады. Сол кезеңнен бастап комбинатта тұз қазу, өңдеу, қаптау, қалталау, тұз жылы, механика және жылу, электр, құрылыс, автотрактор, косалқы шаруашылық цехтары жұмыс істейді. Жылына 600-650 мың тонна аралығында тұз қазу, тасу, түсіру жұмыстары жүргізіледі. Комбинатта 1991 жылы жылына 620 мың тонна тұз ұсақтайтын «тұз майдалау» цехы іске қосылды. Ал 1993 жылы «Аралтұз» АҚ болып қайта құрылып, соның негізінде 2013 жылы осы заманға сай жабықталған цех ашылады. Онда жылына 130 мың тонна йодталған ас тұзы өндіріледі. Бүгінде кәсіпорынның тұз өнімдері халықаралық стандартқа сай, жоғарғы сапа сертификаттына ие. Өндірілген өнімдер Түркия және ТМД елдеріне экспортталады деп көрсетілген.

Дейтұрғанмен кәсіпорын жұмысшылары тарапынан ішкі ахуалдың ушығып тұрғанын бірнеше жылдан бері үздіксіз көтеріп келеді. Оның ішінде жалақы мен зейнетақы жарналарын аударуға қатысты келіспеушілік, ішкі қауіпсіздік шаралары, кен өндіру кезіндегі кемшіліктер шешімін таппай, есесіне сағызша созылып бара жатқанға ұқсайды. Бұл жайында бізге «Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық қозғалысының төрағасы, Арал мәселесін көтеріп жүрген белсенділердің бірі Жомарт Қартбаев хабарласып, жан-жақты баяндап берді.

Қазір Жақсықылыш кенті тұрғындарының негізгі күнкөріс көзі осы кәсіпорынмен тығыз байланысты. Өйткені алақандай ғана ауылда тұз өндірісінен өзге тіршілік көзі жоқ. Егінге ауыл табиғаты мүмкіндік бермейді. Ал мал шаруашылығымен айналысатындар қарасы қалың емес. Көп жағдайда ойсылқара тұқымын өсіріп отырған жандар байқалады. Оның өзі де көл-көсір пайдаға кенеліп отыр деп айту қиын. Сол себепті де ауыл халқының басым көпшілік комбинатқа еңбек етіп, күнкөріс қамын қүйттеуге мәжбүр.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ҚОҒАМ МЕН ПОЛИЦИЯ БІРІКСЕ – КҮШ

Ел ішіндегі қоғамдық тұрақтылық пен азаматтардың қауіпсіздігі – мемлекеттің қарыштап дамуының негізгі шарттарының бірі. Бұл орайда құқық қорғау органдарының жүйелі жұмысы, басқа құзырлы мүдделес органдармен өзара ықпалдастық, алдын алу шаралары мен жаңа технологиялардың тиімді енгізілуі қылмыс деңгейін төмендетуге айрықша ықпал етіп отырғаны рас. Тәртіп сақшыларының қырағылығы мен жүйелі жүргізілген жұмыстарының нәтижесінде Ақмола облысының бүгінгі қылмыстық ахуалы түзеле бастауы осының нақты көрінісі десек артық айтпаспыз...

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ҚЫЛЫМЫСТЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТАЛЫП КЕЛЕДІ

Ақмола облыстық Полиция департаментінің ұсынған деректеріне сүйенсек, биыл облыс аумағында жалпы саны 2103 қылмыстық оқиға тіркелген. Былтырмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 24,3 пайызға төмендегені көңіл қуантады. Әсіресе, ұрлық деректері 28,4 пайызға, ұялы телефон ұрлығы 10,1 пайызға азайғаны мәлім болды. Алайда цифрлық технологиялардың дамуымен қоғам өміріне аса үлкен қауіп болып төнген интернет алаяқтықтың саны аса өршіп кеткен. Полиция бұл мәселе аса өзекті екенін атап, оның алдын алу және профилактикалық жағдайға баса назар аударылғанын жеткізді. Құқық қорғаушылардың мәліметінше, бұл бағытта көрсеткіш 16,7 пайызға төмендегенімен, цифрлық қылмыс әлі де өзекті күйінде қала берген. Тиімді шаралардың бірі ретінде полиция күнделікті ақпараттық буклеттер таратуда, әлеуметтік желілерде бейнероликтер жариялап, тұрғындарды интернет-алаықтықтан сақтандыруға барынша күш салуда баса назар аударған. Сонымен бірге

Алайда Арал жанашыры өндіріс орны орналасқан ауылдың тіршілігі күн санап тұралап бара жатқанын қынжылыспен жеткізді. Соның ішінде ауыл тұрмысын түзеп, халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпалы жоғары саналатын кәсіпорында соңғы жылдары жұмысшыларға басшылық тарапынан қысым жиі көрініс тауып тұрғанын тілге тиек етті. Атап айтқанда, жалақының уақытылы төленбеуі, кәсіпорын жұмысшыларының еңбек демалысына шығуына кедергілер келтіру деректері жиілеп кеткен. Сонымен қатар өз пікірін ашық жеткізген жұмысшыларға қысым көрсету, одан қалды заңсыз жұмыстан босату фактілері тіркелген.

«Бұл кәсіпорында адам айтса нанғыс түрлі келеңсіздік болып жатқаны жиі айтылып жүр. Оның ішінде жұмысшылардың еңбек құқықтарының бұзылуы жиілеп кеткен. Сол сияқты тұз өндіру процесінің өзінде заңбұзушылықтар анықталып отыр. Нақты айтқанда, тұз өндіруде экологиялық және өндірістік қауіпсіздік талаптарының өрескел бұзылып отырғаны белгілі болды. Осы ретте, тұз өндіру процесіндегі кемшіліктерді айтпағанның өзінде, еңбек техникасы мен қауіпсіздік талаптарының сақталмауы жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына зор қауіп төндіріп тұрғанын ерекше атап өткен абзал. Бұл мәселе тиісті орындар тарапынан бұған дейін де көтерілді. Бірақ әзірге көз қуантарлық нәтиже болар емес. Кәсіпорынның ішкі ахуалы «баяғы жартас сол жартас» күйінде қалып тұр», — дейді Арал белсендісі.

Қоғамдық қозғалыс төрағасының уәжіне құлақ түрсек, Энергетика және минералды ресурстар министрлігі берген 27.01.2006 жылғы №004985 мемлекеттік лицензия негізінде жұмыс істеп жатқан «Аралтұз» акционерлік қоғамында тұз өндіру технологиясын өрескел бұзылуы, тиісті ережелердің сақталмауы белең алып тұр. Атап айтқанда, тұз өндіру технологиясының өрескел бұзылуы, оның ішінде тұз өндіру жұмыстарының экскаваторлық әдіспен жүргізілуі көпті толғандырады. Бұл тәсіл бірінші кезекте тұз қабаттарының табиғи жолмен қалыптасуына кері әсерін тигізеді және жер қойнауын пайдаланудың экологиялық нормаларын бұзуды деп есептейді. Яғни, осы әдіс келешекте тұздың пісіп, қайта қалпына келуіне зиянын тигізіп қана қоймай, жерасты тұз қорының жоғалуына әкеп соқтырады деген қоркынш басым. Екіншіден, кәсіпорын жұмысшылары құқықтарының бұзылуы тыйыммай тұрғанын алға тартты. Бұл тұрғыда зейнетақы жарналары мен мін-

АЙМАҚ

ТҰЗ ЗАУЫТЫ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ТҮЙТКІЛ



детті медициналық сақтандыру төлемдері жұмыс беруші тарапынан уақытылы аударылмайтынын жеткізді. Сол сияқты цехтарда аспирация (шаң сору) құрылғыларына қатысты мәселе жұмысшылардың денсаулығына қауіп төндірсе, цехта еңбек ететін бір қызметкерге бірнеше міндеттің жүктелуі кадр тапшылығы мәселесінің орын алып тұрғанын аңғартады. Ал тамақтану және демалу орындарының санитарлық талапқа сай келмеуі адам құқықтары мен еңбек нормаларына қайшы екенін мәлімдеді. Үшіншіден, өнім сапасының төмендеуі өзектілігін жоймай тұрғанына қынжылыс білдірді. Бұл ретте, қазір өндіріліп отырған тұздың 80 пайызы техникалық мақсатта ғана қолданылып отырғанын, бұл бірінші кезекте өнім сапасының нашарлауын көрсететінін алға тартады. Жағдай бұлай жалғаса берсе зауыт келешегіне зор қауіп төндіруі мүмкін екеніне алаңдаушылық білдірді.

«Бұған дейін жоғарыда аталған мәселелер бойынша Арал аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасымен тексеріс жұмыстары жүргізілді. Кәсіпорындағы мәселелердің нақтылығы анықталды. Соның негізінде тиісті шешімдер шығып тұр. Нақты уақытта кәсіпорын осы басқармамен соттасып жатыр. Алайда өкінішке қарай, құзырлы мекеменің заңбұзушылық аясында көрсеткен төрт талабының үшеуі алынып тасталып, тек біреуі ғана күшінде тұр. Ал еңбек қорғау және қаржы министрлігінің шешімдеріне сәйкес жұмысшыларға төленуі тиіс әлеуметтік пакеттер әлі күнге төленбеген. Кәсіпорын төңірегінде болып отырған осындай әрекеттер түрлі күмәнді ойларға жетелейді. Бұл мәселе жайында «AMANAT» партиясына хат жолданды.

Алдағы уақытта Қызылорда облысы өкіміне аталған мәселе бойынша кіру жоспарда бар. Бірсөзбен айтқанда, Жақсықылыш кенті халқының жағдайы ауыр. Бұған көз жұмып, қол қусырып қарап отыру мүмкін емес», — дейді Жомарт Қартбайұлы. Арал белсендісі көп келеңсіздік анықталғанымен, әзірге кәсіпорын тарапынан болып жатқан заңбұзушылықтар мен жұмысшылар талаптары орындалмай тұрғанын жеткізді. Соның ішінде мемлекеттік құзырлы мекемелер мен министрліктердің талап шешімдері тасада қалып, жұмысшыларға әлеуметтік төлемдердің әлі күнге төленбеуі себебін түсінбей дал. Аталмыш мәселе төңірегінде жергілікті өкімдікке хабарласып, кәсіпорынның қазіргі ахуалы жайында сұрадық. Сауалымызға орай Арал ауданы өкімдігі «Аралтұз» АҚ-ға қатысты мәселе бар екенін жасырмады. Соның ішінде кен орнын экскава-

торлық әдіспен қазу мәселесі шешімін тапқанын сүйіншіледі. «Бұған дейін кәсіпорында көп мәселе бой көрсетті. Соның ішінде тұзды экскаватормен қорыап, қазып алу әдісі халықтың ашу-ызасын туғызғаны рас. Соған орай кәсіпорынға жалпы құны 1 млн АҚШ доллары болатын арнайы комбайндар жеткізілгені жайында ақжолтай хабар алдық. Жана техникаларды арнайы тапсырыспен Германиядан алғызып отыр. Сол арқылы бұдан кейін кен орнында арнайы заманауи техникалардың көмегімен тұзды бетінен қалқып алу әдісі қолға алына бастады. Ал комбинаттағы өзге де мәселелер алдағы уақытта оңтайлы шешімін табады деген сенім зор», — деді бұл жайында Арал ауданы өкімдігінің баспасөз қызметінен. Өз кезегінде Арал аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі кәсіпорын тарапынан қомақты инвестиция тартылып, аудан аумағында ауқымды жұмыстар жүргізілгенін жеткізді. «2025 жылдың қаңтар-шілде айлары бойынша «Аралтұз» АҚ-ның тұз өндіру зауытында 183 705 тонна ас тұзы өндіріліп, былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 103,1 пайызды құрап отыр. Жыл басынан бері өндіріс орнына «Аралтұз» АҚ тарапынан 98 млн теңге инвестиция тартылған. Бұған қоса жыл соңына дейін зауыттағы құрал-жабдықтарды жаңғыртуға, жөндеу жұмыстары және әлеуметтік жобаларға қосымша 985,5 млн теңге инвестиция тарту жоспарланған. Қазір кәсіпорын тарапынан бұл құны 9 млн теңгеге Жақсықылыш кентіндегі ауылдық емхана ғимаратының бір бөлігін кент өкімдігіне өткізу мақсатында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ биыл өндіріс аумағында 100 орынға арналған жатақхана пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Сол сияқты Арал қаласында жоба құны 180 млн теңгені құрайтын спорттық-сауықтыру кешені және бассейні құрылысын жандандырып, жыл соңына дейін қосу жоспарда тұр. Сонымен қатар жоба құны 18 млн теңгеге Жақсықылыш кентінің орталығынан тренажер, ойын алаңы бар шағын стадион салу межеленіп отыр», — делінген бөлімнің берген жазбаша жауабында. Жалпы, құзырлы орындар тарапынан кәсіпорындағы қордаланған мәселелердің қашан толықтай шешімін табатынына тұшымды жауап болмады. Соған қарағанда өндіріс орнында тізбектелген түйткілдердің түйіні қай кезде түбегейлі шешімін табары әзірге беймәлім күйде қалып тұрған сияқты. Қалай дегенде де, жергілікті жұртшылықты толғандырған мәселелер кезек күттірмейтіні белгілі. Соған орай Арал жанашыры жоғарыда аталған жайттарды қаперге ала отырып, кәсіпорынға 27.01.2006 жылғы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі берген №004985 мемлекеттік лицензиясы кері қайтарылса деген тілегін жеткізді. Сонымен қатар заңбұзушылықтарды жою бойынша қатан тексеріс жүргізіліп, тиісті шаралар қолданылуы қажет деп есептейді. Жалпы, Арал өңірінің экологиялық және әлеуметтік ахуалын арттыруда жоғарыда аталған мәселелер ескерусіз қалмай, нақты шешімдер қабылданатынына дүйім жұрттың үміті басым. Ең дұрысы, жергілікті жұртшылық іргелі кәсіпорын мемлекет меншігіне қайтарылса, ахуал оналар еді деген пікірде.



мақсатында спорттық турнирлер, мәдени шаралар мен шығармашылық байқаулар өткізіп келеді. Бұл өз кезегінде жастарды бос уақытын тиімді өткізуге жетелей бастаған.

120 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ТІРКЕЛМЕДІ

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету — тек полицияның ғана емес, бүкіл халықтың ортақ ісі. Ақмола облысында бұл бағытта қоғамдық кеңестер, еріктілер қозғалысы мен жергілікті тұрғындардың бастамалары кенінен қолдау табады. Мәселен, қоғамдық кеңестер полициямен тығыз байланыста болып, халықтың пікірін жеткізсе, ерікті патрульдер құқық қорғаушыларға қоғамдық тәртіпті сақтауда жәрдемдесуді қолға алған. Осының нәтижесінде тек осы жылы ғана 90 белсенді азамат марапатталып, олардың көмегімен 7 қылмыс ашылып, 500-ден астам өкімшілік құқықбұзушылықтың жолы кесілді. Ал ауыл-аймақтарда «Зиялы қауым» жобасы аясында ақсақалдар, ұстаздар, кәсіпкерлер мен ардагерлерден құрылған кеңестер қоғамдық тәртіпті нығайтуға оң ықпалын тигізіп отыр. Соның нәтижесінде соңғы үш жылда ауылдардағы қылмыс 25 пайызға азайып, 120 елді мекенде мүлде құқықбұзушылық тіркелмеген.

ӨНЕР

Аяужан СЕРҒАЗЫҚЫЗЫ,
актриса:

КӨРЕРМЕННІҢ ӨМІРІНЕ
МАҒЫНА
БЕРГІМ КЕЛЕДІ

Сахна – өмірдің өзіндей шынайы әрі көпқырлы. Бұл – көзге көрінбейтін сезімдердің, жүрекпен ғана ұғатын үнсіз тілдердің мекені. Ал сол сахнаның тынысын сезіп, әр кейіпкердің тағдырын жүректен өткізіп, көрерменмен бөлісу – нағыз актердің қолынан ғана келеді. Солардың бірі – жас та болса, театр сахнасында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келе жатқан актриса Аяужан Серғазықызы. Бүгінде Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында еңбек ететін өнер иесі өзінің біраз тұшымды ойымен бөлісті.

— Ең алғашқы рөліңіз туралы айтып берсеңіз?
— 8 жылдық оқудан кейін ең алғашқы рөл — келіннің рөлі болды. Бір қызығы — бұл рөлде сөз мүлде жоқ еді. Тек қана іс-қимыл, эмоция және би арқылы келіннің өмірін сахнада көрсету керек болатын. Осы рөлде ән айту қабілетімнің де көмегі тиді. Бұл — менің театрдағы есте қалған алғашқы әрі қызықты спектакльдерімнің бірі. Бағыма орай, осы қойылыммен Түркия еліне гастрольдік сапармен бардым. Сол елде сахнаға шыққанымыз күні бүгінге дейін есімде.
— Эмоциялық тұрғыдан сізге ең қиын болған рөліңіз қайсы? Ол рөлде қандай сезімдерге бой алдырып, қалай күрестіңіз? Бұл тәжірибе сізге не үйретті?
— Сонғы қойылымым «Шеңбер» спектакліндегі Мария рөлі мен үшін эмоциялық тұрғыдан ең күрделі әрі ауыр рөлдердің бірі болды. Марияның ішкі жан дүниесіндегі күрес, оның сезімдері мен тағдырындағы қайшылықтарды жеткізу оңай болған жоқ. Бұл кейіпкер арқылы мен адамның өміріндегі нәзік әрі ауыр сәттерді терең сезініп, оның ішкі әлеміне бойлау қажет-



тігін түсіндім. Рөлге дайындығым ұзақ әрі терең болды: мәтінді жаттау ғана емес, кейіпкердің мотивтерін түсіну, оның іс-әрекеттерін сезіну маңызды болды. Көп еңбектенуімнің арқасында бұл рөл біртіндеп маған ашыла бастады, ал сахнада өзімді Марияның орнына қойып, оның қайғысын, үмітін, қорқынышын шынайы жеткізе алдым. Осы тәжірибе маған актерлік шеберліктің шегін кеңейтіп қана қоймай, адамның ішкі жан дүниесіне деген терең түсінік пен адамгершілік сабақтарын берді. Сонымен қатар эмоцияларды басқару, өзін-өзі бақылау және шығармашылық процесс барысында өзінді жаңаша тану қабілетін дамытты. Бұл рөл менің өнер жолымдағы маңызды белес болды деп есептеймін.
— Әртіс үшін маңыздысы талант па, әлде еңбек пе?
— Менің пікірімше, әртіс үшін ең басты нәрсе — еңбек. Тек таланттың құр өзі жеткіліксіз, егер адам табандылықпен, шыдамдылықпен жұмыс істемесе, нағыз өнер адамына айналуы қиын. Ізденіс пен еңбеккорлық — бұл әртістің кәсіби және рухани өсуінің негізі. Өз-өзіңді үнемі жетілдіру, көп оқу, кино мен спектакль-



дерді қарап, әртүрлі кейіпкерді зерттеу — өнердегі дамудың маңызды қадамдары. Сонымен қатар физикалық форма мен дауыс ырғағын сақтау да үлкен мәнге ие, себебі актерлік шеберлік тек эмоцияны жеткізумен шектелмейді, ол дене мен дауыс арқылы да көрерменге әсер ету өнері. Осы себепті әртіс үнемі өзіне күтім жасап, шығармашылық пен денсаулықты қатар ұстай білуі қажет деп санаймын.
— Театр арқылы қоғамға қандай ой жеткізіңіз келеді?
— Менің ойымша, актер үшін ең бастысы — көрерменге шынайылықпен қызмет ету. Театр сахнасы — ойын алаңы ғана емес, ол адамның жан дүниесін зерттейтін, оның ішкі әлемін ашатын ерекше кеңістік. Сондықтан мен әр рөлге жауапкершілікпен қарап, оны өмір сүруге, сезінуге, ойлауға лайықтап жасаймын. Себебі әрбір кейіпкердің тағдыры арқылы көрермен өз өміріндегі кейбір қиындықтар мен сұрақтарға жауап табуы мүмкін.
Театрдың күші — адамдардың жүрегіне жетуінде. Сол себепті мен үшін маңыздысы — көрерменнің сенімін ақтап, оларға шынайы эмоциялар жеткізу. Бұл тек сахнадағы өнер емес, сонымен бірге үлкен адамгершілік міндет. Әр қойылым — өзіңді қайта жаңарту, жаңа деңгейге көтеру жолы. Мен сахнада әрдайым өзінді жаңаша сынап, дамуға ұмтыламын.
Сонымен қатар театр — бұл біртұтас ұжымдық жұмыс. Әр әртіс, режиссер, костюм шебері, дыбыс операторы — біраміз бірге көрерменге ерекше әсер сыйлайтын шығармашылық кеңістік құрамыз. Мен осы команданың бір бөлігі болғанымды мақтан тұтамын және әр қойылым сайын осы миссияны одан әрі терең сезінемін. Осылайша, менің басты мақсатым — театр арқылы адамдардың жанын жарықтандыру, олардың өміріне мағына мен рухани күш қосу. Бұл — менің өнерімнің ең үлкен жетістігі.
— Әлгіміңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Айгерім СҰЛТАНҒАЛИ,
ЕҰУ студенті

БӘРЕКЕЛДІ!

ВОЛОНТЕРЛЕР
МЕКТЕБІ
АШЫЛДЫ



Шымкент қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының балалар қоры ЮНИСЕФ ұйымдастырған маңызды әлеуметтік жоба — волонтерлер мектебі ресми түрде ашылды. Бұл бастама — елдің болашағы саналатын жас буынның құқықтары мен әл-ауқатын қорғауға, олардың әлеуетін толық ашуға бағытталған іргелі қадам. «Балалар мен жастардың құқықтары мен әл-ауқаты үшін» атты кездесулер сериясының алғашқы шарасына әлеуметтік және экологиялық жобаларға белсенді қатысып жүрген 500-ден астам жас жиналды. Олар қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге үлес қосуға және еріктілік қызметтің мәнін терең түсінуге ниетті.

Шараның ашылу салтанатына Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Айдын Кәрімов, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік зерттеу университетінің әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректоры Ғани Бесбаев, сондай-ақ ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілінің орынбасары Летисия Баззи-Вейл арнайы қатысып, жастарға ізгі тілектерін жеткізді. Волонтерлер мектебі аясында өткен іс-шаралар жастарға арналған тәжірибелік және танымдық бағытта ұйымдастырылды. Бағдарламада интерактивті пікірталастар, волонтерлердің өз тәжірибесінен шынайы оқиғаларымен бөлісу, әлеуметтік және экологиялық жобаларды әзірлеу бойынша шеберлік сабақтары, азаматтық белсенділікті қалыптастыруға арналған тренингтер мен қызықты танымдық куиздер қамтылды.

Кездесулер барысында балалар мен жастар арасындағы өзекті мәселелер, экологиялық қауіптер және оларды шешудің заманауи тәсілдері талқыланды. Қатысушылар өздерінің тың идеяларын ортаға салып, болашақта іске асыруға ниетті бірқатар жобаны ұсын-ды.



Айта кету керек, ЮНИСЕФ волонтерлер мектептері бұған дейін Ақтау мен Астана қалаларында ашылған болатын. Алдағы уақытта мұндай орталықтар Алматы, Көкшетау және Семей қалаларында да жұмысын бастайды. Жалпы, 2020 жылдан бері Қазақстанда 10 мыңнан астам жас ЮНИСЕФ волонтері атанды. Бүгінде ЮНИСЕФ-тің волонтерлер қозғалысы әлемнің түкпір-түкпірінде 10 миллионнан астам адамды біріктіріп отыр. Бұл — жастардың азаматтық жауапкершілігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыратын жаһандық күш.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, Шымкенттегі волонтерлер мектебі жас ұрпақтың білімі мен дағдысын арттыруға, олардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға және қоғамға пайдасын тигізетін нақты істерге жұмылдыруға зор үлес қоспақ.

Н.ҚАЛМЫРЗА,
Шымкент қаласы

БАЙҚАУ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ

Шымкент қаласында елдің берекесі мен бірлігінің айнасына айналған дәстүрлі «Мерейлі отбасы – 2025» ұлттық байқауының қалалық кезеңі өз мәресіне жетті. Жастар ресурстық орталығында өткен марапаттау рәсімі нағыз қуаныш пен шаттықтың мерекесіне айналып, көпшіліктің көңілінде ұмытылмас әсер қалдырды.



Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Ол отбасы құндылығы қазақ қоғамының берік дінгеі екенін атап өтті. «Әр шаңырақ — бір мемлекеттің кішкен-

тай үлгісі. Әке — ардын айнасы, ана — мейірім мен парасаттың иесі, ал қыз бен келін — әулеттің шырағы. Біз осынау ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық жүйемізді сақтап, жас ұрпаққа аманаттауымыз қажет. Бүгінгі байқау соның айқын көрінісі», — деді ол.
Айта кетерлігі, осы жылдары жеңімпаз атанған отбасылардың өмір жолы арнайы жи-

наққа енгізіліп, кітап болып басылып шықпақ. Бұл — ұрпаққа өнеге, келешекке мұра боларлық игі іс.

Шымкент қаласы Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының бөлім басшысы Ақбота Бекхожақызы биылғы байқаудың ерекшелігіне тоқталды. Оның айтуынша, биыл еңбек әулеттеріне басымдық беріліп, байқаудың аудандық кезеңінен бастап әділ іріктеу жұмыстары жүргізілген.

15 мамыр мен 15 маусым аралығында қабылданған өтінімдердің саны 150-ден асты. Сонын ішінен 20 отбасы қалалық кезеңге жолдама алды. Олар отбасылық құндылықтарды дәріптеу, еңбек дәстүрін сақтау, қоғамға қосқан үлесі мен ұрпақ сабақтастығы бойынша бағаланды.

Шара соңында барлық 20 қатысушы отбасы қала әкімінің алғысхатымен марапатталып, әр шаңыраққа тұрмыстық техника — теледидар сыйға тартылды.

Ал ең басты марапат — бас жүлде әл-Фараби ауданынан қатысқан Нұртаевтар әулетіне бұйырды. Теміржол саласында бірнеше буын өкілі еңбек етіп жүрген бұл әулет — нағыз еңбек пен бірліктің үлгісі. Олар 1 миллион теңге көлеміндегі сертификатқа ие болып, енді 12 қыркүйекте Астанада өтетін республикалық додада Шымкенттің намысын қорғайды.

«Мерейлі отбасы» байқауы жай ғана жарыс емес. Ол — отбасыларды ынталандырып, көпшілікке үлгі етіп көрсететін тағылымды шара. Әр әулет өзінің шежіресін, еңбегін, құндылықтарын паш етіп, жас ұрпаққа тәрбие берудің ерекше дәстүрін жалғастырып келеді.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жаннат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekлама.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4631
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Өлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,